

84/543-5
А 52

Тезекбай Амандықұлы

Ел іші –
жұмақ
мекенім



Тезекбай Амандықұлы

**Ел іші -
жұмақ
мекенім**

Қарағанды 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)-5
А 52

Амандықұлы Т.

А 52 Ел іші - жұмақ мекенім. Өлеңдер жинағы. -
Қарағанды, Ttnгри LTD, 2014. - 110 б.

ISBN 978-601-7449-77-3

Жинаққа ақынның көркемдік деңгейі жоғары өлеңдері енді. Адам мен қоғам, адам мен табиғат, ақынды толғантар жайттар оқырман талқысына ұсынылып отыр. Шығармалардың тілі жатық, ойы орамды.

Жинақ поэзия сүйер қалың жұртшылыққа арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)-5


ШЫНАЙЫ ӨМІРДІ ӨНЕРІНЕ АРҚАУ ЕТКЕН... немесе ақын Тезекбай Амандықұлының поэзиясы жайлы бір үзік сыр

Поэзия, жалпы, лирикалық туынды — өнер жасаушының өз «Мені».

Сол «Мен» «Біз» ұғымына айналса, Уақыт пен Кеңістік ұғымдарына, әсіресе, алғашқысына, бағына қоймай, ақынның қоғамдағы орнын айғақтайды. Мағжан шығармашылығы осыған дәлел. Ал, Абайдың «Бізі» осы екі ұғымға да олжа салып, әлемдік ақыл-ой, санада нағыз Ренессансқа ие болды. Қасым, Мұқағали, Қадыр, Фариза, қазіргі Есенғали, Ұлықбек т.б. сөз өнеріне табынған, табынып қана қоймай, оны асқақтатқан ірілер тобына жатады. Ал, әрқайсысының өзіндік сипат, ерекшелігі қандай, «Мені» қандай деңгейде, әбден таптаурын болса да, адастырмас сүрлеу-соқпақпен салдыртып келе ме, әлде жылт еткен жаңалыққа иек артты ма, міне, бұл - арнайы зерттеудің нысаны.

Ақын Тезекбай Амандықұлы өткен ғасырдың жетпісінші жылдары поэзияның киелі табалдырығынан имене аттап еді. Именуі тым қасиетті, тым тылсым, тым кіршіксіз пәк дүниенің дақ түспеген бейкүнә табиғатына кір жұқтырып алам ба деген сезімнен туындап еді.

1971 жылы сол кездегі Қарағанды пединститутында Қ.Аманжоловтың туғанына 60 жыл толуына орай поэзия кеші өтті. Суырылып өлең оқығандар арасында екі жас ақын ерекше дараланып еді: бірі - Абзал Бөкенов, бірі - Тезекбай Амандықұлы болатын. Тезекбайдың іштей булыққан, шығар саңылау іздеген бұла әрі балауса «негесіне» Қасымның арқау болуы заңдылық еді. Ол Қасымды іздеді. Сағынды. Аңсады. Ой бөліскісі келді.



ISBN 978-601-7449-77-3

© Амандықұлы Т., 2014

Басын ұлы ақынның кеудесіне қойып, мұң шақпақшы болды.

- Қасым қайда, достар-ау, Қасым қайда... - деп басталатын бірнеше шумақ жас ақынның ұлы Қасым рухынан бата алуы еді...

Арада жылдар өтті. Бір жинағын шығарды, мерзімді баспасөзде топтама өлеңдері басылып жүрді. Аз жазса да саз жазады дейтін ұғым бар, ол әлі де аз жазып келеді. Сірә, өнерді, аруақты Музаны кәсіпке де, нәсіпке де айналдырғысы келмегені өз алдына, ең бастысы,- жоғарыда айтқанымыздай, - қасиетті поэзияның, теңдессіз пәк әлемнің киесіне табынудан туған именшектік бар демекпіз оның ақындық әрі азаматтық болмысында.

Тезекбайды ғана емес, оның замандас-тұстастарын да мына күн сайын өзгеріске ұшырап жатқан беймаза әлем алаңдатып, жұмыр жерде болып жатқан алапат оқиға, құбылыстар мазасыз күй кешулеріне алғышарттар жасап еді деген жөн. Сірә, бар Жақсылықты да, келеңсіз Жамандықты да тек қана адам пейлі мен пиғылынан іздеу, қордаланған ойды қарапайым да психологиялық, философиялық сарында беру Тезекбай ақын Амандық-ұлының стильдік даралығы деген орынды.

Міне, сыршылдықтың астарлы ойға ұласуы, поэзия табиғатына түрлі эксперименттің жүрмейтінін кәміл ұғынуы, асқан қарапайымдылықты поэзиядағы өз «Менін» ақындық арының туы етуге ұмтылуы - Тезекбай Амандықұлындай өнер иесінің өзіне тән сипат, ерекшеліктері дер едім.

Зерттеуші Бюффонның: «Стиль - адам» деген түйіндемесі бар. Сол айтқандай, Тезекбай ақынның барша болмысы, мінезі, пиғылы, өзін ұлтының адал ұлы ғана емес, құлақкесті құлы деп түйсінуі оның поэзиясында тұныш тұр дер едім. Ал, бұл қасиет ақынның азаматтық

ажарының, кісілік келбетінің дүниеге келген азды-көпті шығармаларынан көрініп тұр дегенді баса айқым келеді.

**Мәуен Хамзин,
Филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР Мәдениет қайраткері**

Аймағым - алтын бесігім

Құла түзі құлан жортып, ойнақтар
Жер емес бұл жел сөзбенен жай мақтар.
Сарыарқаның самал сүйген төсінде
Шет ауданы дейтін ғажап аймақ бар.

Кең жазықты, асқар таулы, қиялы
Келбетіне қай мақтау да сияды.
Аймағым бұл -
топырағын шаң қылған
Кенесары тұлпарының тұяғы.

Туған өлкем!
Бақытым-ай! Бағым-ай!
Кендігіңнен бұлдыраған сағым-ай.
Тайатқанда сүргін салған дұшпанға
Алашымның ақжолтайы - Ағыбай!

Аймақ қой бұл әнге де бай, күйге бай,
Пешенеме тағдыр берген сый талай.
Ақ найзамен қорғап қалған жер осы
Кешегі өткен Сеңкібай мен Жидебай!

Аюлыға арқа тіреп сан мықты
Қас дұшпанды қыр асырып, қаңғытты.
Бата берген Абайына қазақтың
Ботантайдың ділмар ұлы - Жанқұтты.

Тарихың бар қара нарға артардай,
Ырыс-құтың жеткен бізге ортаймай.
Жер бесіксің, дамыл тапқан төсінде
Ұлы жырау - Қанайұлы Шортанбай.

Шырайыңды келтіретін сәнді етіп,
Ұлылықтан көрген емес мән кетіп.
Сайран салған Сейфолланың Сәкені,
«Тау ішінде» - Тағылыда әндетіп.

Шыңдарындай Толағайдың, Матақтың,
Шын дарындар туған сенде атақты.
Әбди, Сембек, Қыздарбектер күй төгіп,
Жыр ағызған Маясары Жапақтың.

Баба жолы ұрпағына жалғасқан,
Бар қазір де ұландарың - алдаспан.
Атағыңды аспандатты емес пе
Академик, ғалымдарың, марқасқан.

Ақ селеулі, боз жусанды бақ далам,
Мақтана алсам - тек өзіңмен мақтанам.
Керегі жоқ бас айналар атақ, даңқ,
«Шеттің ұлы» деген жетер ат маған!

«АРУАҚ РИЗА БОЛМАЙ - ...»

Кешір, Баба...

Алаштың Абайына бата берген,
Құнанбайдың үзеңгілес досы,
көзі тірісінде «Жақсы Жәкең» атанған
Жанқұтты шешен рухына

Жақсы Жәке!
Айналдым аруағыңнан.
Үнің жетті ғасырдың ар жағынан.
Мәйтің қалса Меккеде мәңгілікке -
Елден ерек шырқаулы арманыңнан.

Естілгендей бізге де күрсінгенің,
Мәңгілікке содан ба бір сіңгенің.
Біліп, бәлкім, келерін мәңгүрт ұрпақ,
Қабірімді таптамай жүрсін дедің...

Өтпегенсіз, білемін, текке налып,
Көсемсөзді суарып кекке малып.
Қу тірліктің боғынан жырақтанып,
Жайландыңыз киелі Мекке барып!

Жігерінді жасықтар құм қылған соң,
Жібегінді жетесіз жүн қылған соң.
Тексіздіктен аулаққа барып қондың
Тірлік ісін тәмамдап тындырған соң.

Жеңілдемей, бәрібір, мұнан қайғы,
Болашағы еліңнің тұмандайды...
Тіршілікте қадірінді біле тұғын
Өлгенде де таң қылдың Құнанбайды!

Ұтқыр сөзінді ұққандар бата көріп,
Саналы ұрпақ ардақтап жатады өріп.
Бақ жұлдызы жануға ықпал еттің
Ұлы Абайға ұлағат-бата беріп.

Ертең жайлы, сол кезгі ортаң жайлы
Сырға толы сандығың ортаймайды.
Қазағыңның шайыры еткен Өзің
Қаратаудан асырып Шортанбайды!

.. Біздер жүрміз тартысып, жай таба алмай,
Атағыңа лайық сай таба алмай
Әлек болдық тарихтан ойып алған
Өз орнынды өзіңе қайтара алмай .

Бірлік болса - көктейді түбір өніп,
Таңым- бұлдыр, барады іңір өңіп...
Берекесіз ұрпақтың сыйқын сезіп,
Жұмақта да жүрсіз-ау күңіреніп.

Ұлым бар деп талайды өсірді Ана,
Азаймай тұр, алайда, кесір бала.
Берекесіз, бірліксіз ғұмыр кешкен,
Бейберекет ұрпақты кешір, Баба!

Баба рухымен сырласу

*Атақты Жидебай батырдың
300 жылдық тойы қарсаңында туған ой*

Қасиетті Жидекем!
Ойға батсам Сіз жайлы ғаламат бір күйге өтем,
Қара орманын - Қазағын өзіндей кім сүйді екен...
Ғасырлардан ғасырға жеткен даңқың бүгінде
Ұрпағыңа киелі сүйеу боп тұр, Жидекем!

Тоқырауын мен Нұраның мекен еткен арасын
Ұрпағыңның бүгінгі тірлігіне қарашы:
Тақымыңнан тер кеппей қорғаған бұл еліңнің
Бүгінгісі көңілдің көбейтеді наласын.

Ақын айтар шындықты қайсы пенде айта алмақ ?
Жағымпаздар өріп жүр «мықтыларға» майпандап
Ер көңілдер төмендеп, ездер елге «тұтқа» боп,
Байталдарың бәйге алды «тұлпармын» деп қайқандап

Қаптап кеткен «ғұлама», қаптап кеткен «кісілік»,
Тойғанына мастанған бишікештер ісініп.
Дарындарын танымай, қарындарын қампитқан
Пасықтарды алар ма еді тәубасына түсіріп...

Алла берген уақытты алғандаймыз жүнжітіп,
Марғау елің Бақытты көк аспаннан жүр күтіп!
Өзгені емес, өз елін тонап жатқан қуларды
Өзіңіздей бір батыр алар ма еді үркітіп!

Дау тоқтатар тіліңіз бөтен сөзбен былғанды,
Жау тоқтатар ұлыңыз батылдықтан тұл қалды...
Санасында саңлау бар азаматтар зорға деп
Үш ғасырды өткізіп асқақтатты тұлғанды.

Ерек туған елі үшін, қасиеттім, асылым,
Ерлігінді жыр еткен шежіреден тасыдым.
Аруағыңа табынып, тәуеп етсе басыңа -
Арқаланып кетеді жабылар мен жасығың.

Қара орманын - Алашын өзіндей кім сүйді екен
Соны ойласам бойымды билеп алар күй бөтен...
Мынау қамсыз, қайғысыз жұртыңызды беймарал,
Аруағыңмен аялап, жебелей жүр, Жидекем!
Жебелей жүр, Жидекем! Амин.

Би баба

Нұра бойында белгілі би болған Қасқар баба рухына

Елің, жұртың беймарал, марғаулау бір заманда
Өміріңіз өтіпті алба-жұлба қоғамда...
Мықтылары тізесін батырғанда «жаманға» -
Ардың туын көтеріп, қорған болдың Адамға.

Үлгі болып жұртына әр қадамың, әр ісің,
Әрбір әділ шешімің - жұртқа берген дәрісің.
Тезге салып тентекті, ибұрып жолдан бұзықты,
Отырыпсыз тізгіндеп елдің ұры-қарысын.

Сөз алсаңыз - бөгелмей ағыл-тегіл кесіліп,
Сарыарқаның желіндей кетер дейді есіліп.
Ағайынның арасы ажырауға шақ қалса -
Жалғыз ауыз сөзбенен қалады екен шешіліп ...

Ақылдыға айбар боп жанарыңның жаркылы,
Кенен сөзге кеніштей заманының мәрт ұлы.
Алты алашқа әйгілі әділ қазы болыпсыз
Туғанына бұрмайтын туралығың арқылы.

Қанағат қып барына, күйттемей-ақ өз басын,
Ұрпағыңның ойлапсыз келер күні азбасын.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен ғана шешетін
Қарашаға қадірлі болған содан әз басың!

Қағида етіп Қазақтың салты менен дәстүрін,
Ауыздықтап тастадың заманыңның «қасқырын»
Қоңырбайдай текіден, Қойайдардай батырдан
Дара туған Қасқар би, өзің - менің бас пірім!

Сөз ұғарға кесімін астарлаған секілді,
Бірлігі үшін жұртының басты арнаған секілді...
Кеңкелестер көбейген, дәстүр азған заманға,
Керек боп тұр тура би Қасқар бабам секілді !

Бауырды ансау

*Ғұмыры келте болған
жалғыз бауырым Бөлекбайды еске алу*

Жаралы жүрек кеудемде аһ ұрған кезде,
Сары ала таңды сарғайып атырған кезде
Іздеймін Сені жаныма медет болардай
Жалғандық жауыз тізесін батырған кезде.
Іздеймін Сені!

Көңілді шаң қаптағанда,
Сағат та жүрмей, күн батып, таң атпағанда.
Іздеймін және шаттығым шараға сыймай,
Қуанышымды бөлісер жан таппағанда.

Іздеймін Сені,
Санамды мұң торлағанда,
Арман-ойымның шыңына бұлт орнағанда.
Пәсейіп көңіл қалады өзіңді жоқтап,
Қаскөй жауымның жағасын жырта алмағанда!

Өмірді сонда сұрықсыз күздей көремін,
Әйтсе де өлмес үмітті үзбей келемін.
Жабырқасам да, жан бауыр, жадырасам да
Ойсырап орның...
Өзіңді іздей беремін!

...Аруана тектес ұл ең Сен

Академик Ж.С.Ақылбаев қаза болғанда

Сананда бір сәт сап түзеп тұрса ой-жасақ,
Мәкүрік болар шығарып сыртқа қоймасақ...
Аудандық газет 70-ке келген сол күні,
Аюлы жұрты жатқан-ды ғажап той жасап.

70 жылдан соң өлгенді еске ап тірілер,
Жүздерден мұң мен қуаныш қабат білінер.
Толқуы менен шалқуы қатар сол кешке
Келгенді өңшең ауданнан шыққан ірілер.

Көсілер кездің туғандай жаңа орайы,
Бәрінің сол кеш ерекше еді арайы.
Сағыныш пенен мейірімге толып кеткендей
Болып еді осы Мәдениеттің сарайы.

Жүрек біткеннің алаулап жанып нұр-оты,
Әрбір жанардан алғандай едік сыр оқып.
Әншілер туған өңірді бөлеп әуенге,
Ақындар жатты шабыттана жыр оқып.

Көңіл-қапшықтың кеткендей бауы шешіліп,
Ыстық ықылас, елдіктің лебі есіліп.
Алыстан келген ардақтылардың бәрі де,
Естелік айтты кезекпен-кезек көсіліп!

Көңілден кетпес керемет жайды көз көрді,
Осы сәт елдің ықыласы да өзгерді.

Атақ-даңқыңды түгендей келіп жетекші
Академик Ақылбаевқа сөз берді.

Асқазан азып, тұрғанмен орта құрсақ та,
Жиналған қауым шыдам мен төзім тұр сақтап.
Бекзада кейпің, мінбеге қарай беттедің
Отырыс қызып, орталап қалған бір шақта.

«О, туған ел!
Мен үшін дара, Ұлы ел - СЕН!
Алтын құрсақты анам да менің, білем, Сен!
Қара орманым да, Асқар тауым да - Өзіңсің,
Өзіңмен ғана асқақтап менің тұр еңсем», -
Деп тебіреніп, «қазығың тауып қайрылған»
Айбергенов айтқан Аруана тектес ұл ең -Сен!

Беймәлім бізге бойыңда тасып бір ағын,
Жақсысын айттың, жайсаңын айттың Нұраның.
Жүзінді бұрып ізіндегі бауырларыңа
Ғибрат айтып тұрдың да...кенет...кұладың!

Ажалды солай қарсы ала білу тік тұрып —
Ездерге ешбір бұйырмайтұғын мықтылық!
Ел-бесігінде тербеліп тұрып соңғы рет
Кетейін деп пе ең Ұлылығыңды ұқтырып!

Қас қағым сәттің өкініштісі-ай, ағаты-ай,
Кез келген шақта тоқтайтын уақыт, сағат-ай!
Өмірің- ғажап, өнеге болар ұрпаққа,
Өлімің де ерек болды осылай, Ағатай!..

Ыбыжан

*(өмірі ерте үзілген сазгер, өнер иесі
Ы. Төлөгеновтің рухына)*

Азамат едің өнерден тапқан тұғырын,
Өзгеден дара, өлшеусіз зерек ұғымың.
Үзіліп кеткен домбыраңның шегіндей,
Арманда сенің үзілді-ау ерте ғұмырың.

Алланың өзі ерекше екшеп жаратқан,
Жаныңа нұрын жалынды оттай таратқан
Шанағы күмбір қасиетті қара домбыраң
Сықырлы сазбен өзіңе жұртты қаратқан.

Өнерпаздарын ел едік ерек елеген,
Дауласкер күйші болыпты әкең -Төлеген.
Өзінді де елің саңлағым деп білетін,
Сазгер едің-ау еліңді әнге бөлеген.

Бұл күнде жоқсың...жаныма мұнды қондырам,
Өзінді жоқтап жатқандай әуен, ән-мұраң.
Үн шығара алмай, тұншыға жылап тұрғандай
Үзілген шегі, үкілі қара домбыраң.

Ардақ жан едің өнерден тапқан тұғырын,
Арманың асқақ, алғыр да еді ұғымың.
Үзіліп кеткен домбыраңның шегіндей
Үзілдің ерте, болды да қысқа ғұмырың.

Айнұр ұзатылғанда

(ақын Қалиасқар ағам марқұмның немересі)

«Алтыныңның қадірін қолда барда біл» деген,
Ұрпақ тойын көру-шексіз бақыт екен бұл деген.
Жемісіне куә болдық, ағайын-жұрт, мінеки,
Жақсы ағаның бақшасында жайнап өсіп,гүлдеген.

Бақыт құсы қонған шақта сенің алтын ұяңа,
Шаттық толған жүрегіңіз тар кеудеге сыя ма?!
Ақ женешем атын қойған Айнұр атты ақ құсы
Үшқалы отыр ұясынан құтты орын -қияға.

Болсын,бота,қонар ұяң -мәңгі берік бекініс,
Қарлығашым, қанат талмай арманыңа жетіп ұш!
Біздер куә болған бүгін салтанатты сәтінді
Атаң менен әжең көрмей кеткені тек - өкініш...

Жүрегінен өлең өріп отыратын ол таңға...
Сендерсіңдер — Қалекемнен қалған бізге қолтаңба.
Бойларыңа асыл ағам қуат беріп рухы
Таусылмайтын бақ сыйлаңдар
Ғалым менен Шолпанға.

Бұл өмірде бұлтын көрмей қасырет пен қайғының,
Шуақ төгіп жарқырасын төбеңдегі Ай, Күнің.
Екі жұртқа адал болып, дақ түспегей Арыңа
Шын әкелік жүрегімнен бақ тілейін, Айнұрым !

КӨҢІЛДЕГІ КӨП ОЙЛАР КӨЛЕҢКЕЛІ...

Бір адамға

Ей, қамсыз пенде!
Бір күндік баққа мастанған,
Жағасы жайлау,
Мамықтан жастық жастанған.
Таразы-уақыт сабаңа ертең түсірер,
Шалқая берме түскендей болып аспаннан!
Қиянаттарың оралар қайтып өзіңе
Киесіз деме жазықсыз көзді жас тамған!

Нан пісіп, кеудең жарылардай боп ісінген,
Биікпін дейсің өмірде барлық кісіңнен.
Жасындай шындық шарт ете қолса төбеңде,
Жиылар есің,
Шошырсың жұмақ-түсіңнен.
Дәл осылай талай патша мен ханыңның
Найзағай сәттер
Тәубесін еске түсірген!

Тағдыр!
Саяңсыз сенің
Сағымдай ғұмыр-дүрмегім.
Баянсыз сенім -
Тұрлауы-тұман түн бе едің?

Қаяусыз едім,
Түбітше түтіп, жүндедің
Аяусыз менің
Азулы тағдыр-күндерім!
Адам-пендені
Айдауында жүргізген
Тағдыр дегенім,
Періште ме едің, Жын ба едің ?
Білмедім...

Мінбесем де күймеңді көсемдетіп,
Көрмеп едім көңілді бәсеңдетіп.
Арамзалар асқақтар тұста мына
Көп жаманға барады есем кетіп.

Көсемсініп «елтей мен селтейлері»,
Орға итермек болады өңкей мені.
Қарашаға жанашыр қайран басым
Әкімсінген төреңе еңкеймеді.

Аз болғандай тірлікте көрмегенім,
Алынбайтын биікке өрмеледім.
Төбедегі төбеттер арсылдаса -
Мен оларға қу-сүйек бермегенім.

Абзал ойлы адал дос - сағынғаным,
Ақ тілеулі жаранның жанындамын.
Тақ пен баққа малын да арын сатқан
Төрелерге өлсем де жағынбадым!

Аман болса саумал көл, салқын белім,
Сақтап келем киелі салтынды, елім.
Буға бөккен надандар көкі берсін,
Өзегімнен теппейді халқым менің.

Шуақты шалқар бағым да,
Қуатты, дархан шағым да,
Сағыныш болып, елес боп,
Айналып кетті сағымға.

Сақтай да жүріп сені есте,
Шығышпын талай белеске...
Жұпар иісті Жастығым,
Айналдың неге елеске,
Айналдың неге елеске?!

Төбемде Күн бар, көңілім көкке өрлемей ме,
Сейілес ойлар миымды өткермелей ме?..
Ашық аспанда соңына қаршыға түскен
Қорқады жүрек дәрменсіз кептердей неге?

Алдымда ма еді тағдырдың көресіні бар
Жан табылмады-ау ойымның өресін ұғар.
Заманда мына әр пенде күні үшін жүрген
Ақынына емес, болды ғой төресіне ұнар.

Жұлқысып жатқан, таласып алашағына
Ит тірлік мұндай ұрпаққа жол ашады ма?
Сүйек-шанаққа таласқан тексіздер мына
Алаңдап қайтсін ұрпақтың болашағына...

Жиналған сәтте мұң-орман,
Қыйналған шақта мұнардан,
Медет іздеп тұмардан,
Кұйылып Өлең-нөсерім
Шығарған мені құмардан.

Шаттанған шақта, тасқанда,
Аттанған сәтте «аспанға».
Сыр айтып асыл достарға
Төгілген нөсер-Өлеңім-
Шалқарға мені бастар да!

Қыздырар ойдың көрігін,
Серпілтер сенді сері-Күн.
Сертіне мәңгі берігім-
Өлеңім, аппақ періштем,
Айны мас адал Серігім,
Тұныққа ғана жерігім,
Өлтіре алады сені кім?!

Кешегі дос бүгін шықса қас болып,
Көкірегіңе шемен қатар тас болып...
Жапан дүзді кезіп кеткің келеді
Жанарыңа өкініштен жас толып.

Дейсіндер-ау:-Жақсылықты алдан күт,
Осы ойменен қаншама рет алдандық.
Ал, мен білсем,
Дүниенің түбіне жететұғын -
Дос жасаған жалғандық!

Адам аз оң-терісін саралайтын,
Надан көп жүрегінді жаралайтын.
Өресіз, ойсыз мұндар төрге шықты
Қолыңа су құюға жарамайтын.
Сұм дүние сайқал қатын сияқтанды
Байының көңіліне қарамайтын.

Жүретін жанарымнан жасын атып,
Қайдасың жарқылдаған асыл уақыт?!
Жамандар сол баяғы тасасынан
Жалықпай жатыр әлі тасын атып...
Ойымды ұғындырар жан таба алмай
Отырмын есім ауып, басым қатып.

...Қайдасың, жалындаған
Жасын-уақыт?..

Жақсыға құмар жаныңның біле алмай ездер бағасын,
Жүрсе егер көңіл құлазып, жайлы күй қайдан табасың?
Шындықты іздеп шырылдап, қиянаттарға қақтығып,
Жалғандық деген итіңнің жұлмалап келем жағасын.

Байланған мықты қазыққа үзе алмай желі-көгенді,
Тәуелсіз елде тәуелді боламыз біздер неге енді?
Шынайы шындық, ақиқат таппағаннан соң фәниден
Шығарды ма екен бабалар «Дүние-жалған» дегенді.

Дүние-жалған -бүгінгі тұрлаусыз менің мекенім,
Жетекке жүрмес тағыдай тартысып сенен өтемін.
Отырған тағын мәңгілік деп ұғатұғын әңгүдік
Білмейді Бақтың бастағы салдақы-сайқал екенін.

Жақсыға құмар жанымның тасырлар білмей бағасын,
Жүрсе егер көңіл құлазып, жайлы күй қайдан табасың?
Жалған-дүние, мен сенде Шындықтың жоғын білсем де-
Жалғандық деген итіңнің жұлмалай берем жағасыш!

Жарқылдап жыр оқитын басылды үнім,
Өтуде тіс қайраумен асыл күнім.
Әңгүдік, топас, тобыр мені қайтсін
Қасымның ұға алмаған басымдығын!

Ашиды соны ойласам тағы миым,
Ақынның неге сонша бағы қиын?

Осылар емес пе еді кеше ғана
Өксіткен Мұқағали - ақиығын!

Біле алман ертең қалай күн шығарын...
Үміттің сәулесі тек-жыр шынарым.
Осынау қара тобыр ортасында...
Бір күні мен де мәңгі тұншығармын..!

Өлеңім

Мынау аптап жалғанға төзер ме едім,
Айтақырдан тамшы іздеп кезер ме едім ...
Кенеземді кептірген өрт-ғұмырда
өзің бастың ернімнің кезергенін.

Өз орнымды ала алмай түзу төрден
Оқшау қалғам думаншыл, қызулы елден.
Сақылдаған сары аяз ақпан шақта
Өзің - менің жанымға қызу берген.

Кездерім аз бөркімді аспанға атқан
Ит тірліктің тізесі жастан батқан.
Достан таба көргенде, қастан - қысым
Өзің менің көңлімді аспандатқан.

Өмір - сапар тоқтаусыз сабылатын,
Бақ - тұрақсыз, құйқылжып, қағынатын.
Айналайын адал дос қай кезде де —
Өзің, Өлең, жанымнан табылатын !

Өмір!
Сені не нәрсеге теңесем..?
Сағым-түстей құбыласың неге сен?
Елесіне арман- қызыл түлкінің
Алданумен кетті сенде көп есем.

Өкінемін ...
Кетті сенде көп есем,
Енді жұртқа болар еді не десем?
Шуағыңа қыздырыш ап жанымды,
Аязыңа катырасың неге сен?!

Кұйындатып,
Мың құбылып күніне,
Қолқамызды қаптырасың күліңе...
Ару Күннің шомылдырып нұрына,
Тоғытасың сонсоң кара түніне.

Таңдайыма ащы уыңнан қақ тұрып,
Талай кермек келесің-ау таттырып...
Шығарып ап,
Асқарына бақыттың,
Шыңырауға жібердің сан лақтырып!

Қайран қалам,
Ғажабыңа таңдана,
Шайқайсың кеп солыңа да, оңға да...
Әрі сұлу, әрі сайқал Өмір-қыз,
Сүйем сені,
Сүйем Сені сонда да!

Сары ала күзде сары орман тоналмай тынбай,
Көк ала көктем, жасыл жаз оралмайтындай...
Ақ айдын көлім сұрланып сазара қалған
Айналып ұшқан аққуы қона алмайтындай.

Алабұртқан сезім де басыла қалып,
Қоңыр мұң кештім қайыңның қасына барып...
Қаз бауыр бұлттар бейтарап маңып барады
Өткен шақтардың өкініш жасына малып.

Өттің-ау, Жазым, мақпал кеш тұма таңыңмен,
Қылықты қыздай құлпырған құба талыңмен.
Өзегім өртке шалынып, өксіп тұрғанда
Мұңлы қайыңды қалайша жұбатамын мен ?!

Жалған дүниеден сияқты безінген кезбе
Таппадым тірек жанымға төзімнен өзге.
«Осы Күз ұзақ болғай» деп тіледім енді...
Қаһарлы қыстың ызғарын сезінген кезде.

Өз басыма жетпей жатып табысым,
Қайғы шектім қаймананың қамы үшін.
Тексіздерден таяқ жедім тектен тек
Қорғансыздың қорғаймын деп намысын.

Аңдаусызда опық жедім, жар бастым,
Жылан көзді жауызбен де арбастым
Жалған айтып, жұртты алдаған төренің
«Шындықты айт!» деп жағасына жармастым!

Қарамай-ақ атағына, затына,
Қателігін айттым жанға батыра.
Қолдау таппай, үнім шықпай, шаң қаптым,
Айқай қосып ауылдастың атына.

Қиянатқа қалай қарап тұрасың
Қорлап жатса ата-бабаң мұрасын?
Жауыздықтың кеңірдегін сығымда -
Жанұшырып жанға сауға сұрасын!

Адалдық пен әділет боп баққаным,
Атқа мінген пысықтарға жақпадым.
Тұңғиықта тасқа тиіп маңдайым,
Ақиқаттың жағалауын таппадым...

Саф алтынды айырам деп темірден,
Сан мың сауал жүйкені иттей кемірген.
Шындық іздеп нем бар еді, Құдай-ау,
«Жалған дүние» деген мынау өмірден..!

Жалғызсырау

Шалқып жатқанда думандап талайдың төрі,
Шып-шып шыққанын қарашы самайдың тері.
«Моласындай бақсының жалғыз қалатын»
Маған да келді-ау баяғы Абайдың кері.

Қара күз болып кеткендей көктемім шын,
Суық жел қаулап барады шекпенім ішін.
«Кінәлі» болдым «тілеулес ағайындарға»
Аман-сау жүріп бұл күнге жеткенім үшін.

Артқандай болып ауырлау жүк арманыма
Жүргенімді жұрт жұлқынған ұғар ма мына.
Қатулы қабақ танытты қаламдас аға
Тырбанып жүріп бір кітап шығарғаныма.

«Ұрындырады-ау қысқа күз қысқа алып барып»
Қақпан-ойларға отырмын ұсталып қалып.
Қазіргі халім қарындаш тұқылындай-ақ
Қысқарып қалған сан мәрте ұшталып барып.

Үйіп-төккендей басыма көгіс-наланы,
Сырқырап миым, жүрегім...тегіс жаралы.
Үйіріліп жүрген жанымнан екі елі қалмай,
«Достарым» енді айналып теріс қарады.

Туырлығымды қазанның сабалап желі,
Беймаза күйден бейтарап таба алам нені?
Жабырқау жанға дем берер қосақтың өзі
Күңкілдеп, сөгіп қояды табалап тегі...

Шалқып жатқанда шаттанып талайдың төрі
Шып-шып шыққанын қарашы самайдың тері.
«Моласындай бақсының..» жалғыз қалатын
Маған да жетті осылай Абайдың кері!

Туғандай бір адамның баласынан,
Дос қайда салатұғын таласып ән?
Кешегі ала көйлек ақ көңілдің
Бұл күнде анасы- паң, ағасы- нән.

Асық пен бауырсаққа таласқаннан
Достар ек бұртиюдан әрі аспаған.

Қасарып, хал сұраудан қалдық неге
Жандардай жұлдыздары жараспаған?

Бір жүріп, бірге жатқан қатарланып,
Ақ таңы балалықтың атар ма анық?!
Досқа адал жүрек пенен көпшіл көңіл
Ошаққа қалғаны ма отарланып?

Қимастар баяғыша анталамай,
Атымды дос үйіне қаңтара алмай,
Отырмын ой түбінен ой суырып,
Жанымды ұғатұғын жан таба алмай.

Соншалық кетердей-ақ өгейленіп,
Сезімді неге шектеп бөгей бердік?
Сабындай қамшының сәтте мына
Көңілдің қалғанын-ай кедейленіп!

Кейінгі күндер көтерілмей-ақ бір еңсем,
Түсіме менің өлілер кіріп жүр өңшең.
Күстаналайды-ау жер басып жүрген пенделер,
Өлгендер үшін заһардан тартып жіберсем!

Нысана болып дөп тиер ажал жебесі
Жақсылар ерте өледі екен неге осы?
Асыға ма екен мәңгілік ғұмыр-бақиға,
Жұқартқан кезде жүйкені тірлік егесі.

Тылсымға толы «аруақ» дейтін атын ап,
Ғарыш төріне «алшыдан түсіп» жатып ап,

Жердегілерге жеркөніп тұрып содан соң
Қарайтын шығар заңғардан сонау бақылап.

Соғуын мәңгі тоқтатқаннан соң жүрегі,
Тіріге ұмыт бола бастаса түр-өңі
Ескерту үшін өмірдің жалған екенін
Түсімізге біздің түнделеп, бәлкім, кіреді?

Сапырма оймен сары ала таңды атырып,
Сарғайып жетем сәулеге таңғы аһ ұрып.
Тұрлаусыздықтан тұралағанымды сезініп,
Мені де сонда жүр ме екен әлде шақырып?!

Ойыңа мына бола алмайды екен жыр өлшем,
Көтерілмей-ақ қойғаньш, қараш, бір еңсем!
Қағынан жеріп, сағымға сіңген құландай
Түсіме менің өлілер кіріп жүр өңшең...

Естелік

Ойда жүрген бір оғаштау жай еді:
Одақ кезі, «шалқып жатқан бай елі»
Сол кездегі тәртіпке сай, бізде де
Хатшы болған бір орыстың әйелі.

Білмейтұғын кез еді ол нарықты,
Отбасымыз баспанадан тарықты.
Әйел ғой деп, ана жайын ұғатын,
Біздің әйел хатшы алдына барыпты

Түсіндіріп, өз әлінше, бар мұңын,
Қиындықтың тәптіштепті барлығын:

Ана екенін алты бала өсірген,
Үйіміздің жайсыздығын, тарлығын.

Бұл сауалға кеткендей-ақ еті өліп,
Хатшы - қатын жөткірініп, жөтеліп:
—Неге таптың көп баланы,- деген ғой
Таңқы мұрнын одан сайын көтеріп.

Сонда Бақыт:
- Не деп кеттің, ой, Алла-ай,
Бұл сөзіңді қалай ғана қоям жай,
«Бір түп көде артық шығар...» деген бар,
Балаларым ашыққан жоқ тоя алмай.

Киім жоқтан және жаурап тоңбаған,
Баспананың тарлығы тек_ - сор маған,
Тәңір берген балаларды көпсініп,
Не деп тұрсың қасиетсіз, оңбаған?!

Жақсы ойымды бұздың - ау сен көрікті,
Басар ма еді кеудеңдегі желікті, -
...дей алмастан әлгі хатшы-қатынға,
Кабинеттен шығып жүре беріпті.

...Көп жыл өтті, жаңа, жайлы үй алдық,
Елімізден еңбекке сай сый алдық.
Есте бірақ:
Хатшы қатын - қатыгез,
Қазаққа тән қойдан жуас ұяндық.

ЕСІМЕ ТҮСТІ ЕСКІ Ж Ы Р... (топтама)

Қызарып шапақ-кешкі нұр,
Салқам төс самал есті бір.
Батысқа қарап отыр ем -
Басыма келді ескі жыр...

Еске алсам ерке шақтарды
Жаныма жаз кеп орнайды.
Аралап абат бақтарды,
Тыңдаймын бозша торғайды.

Ұмыт боп кешкен мұң -қайғы,
Ағымнан досқа жарылам.
Жадырап жаным мұндайда
Көлеңке-ойдан арылам.

Шағала-көңіл шарықтап,
Көкірек жырға толады.
Құлаққа келер қалықтап
Қалқаның салған сол әні.

Әуенге сол бір ілесіп,
Қиялым кетер аспандап.
Сырымды өзің білесің,
Қиянға кеткен қасқалдақ....

Қиял-ой жаймен тарады,
Қызарып қырдан асты Күн.
Сағымға сіңіп барады
Қызғалдақ-ғұмыр жастығым.

Дуылдап өңкей қыз-қырқын,
Думанды талай қыздырдым.
Қайран да менің жастығым,
Қамалды талай бұздырдың.

Сезімді нәзік үлбірдей
Кірлетіп алмай, бүлдірмей,
Қасыма келген аруды
Жібермеуші едім күлдірмей..

Жастық-ай, бөлек түр-түсі,
Таусылмас «іркiс-тiркiсi»...
Құлақта қалды сыңғырлы
Қыздардың әсем күлкісі.

Өтерін заман сезгемін,
Келерін білгем өзге күн.
Сол қалпы, естен кетпейді
Күлімдеп тұрған көздерің.

Шуаққа талай малдыңдар,
Әуреге талай салдыңдар...
Жүректен өшпес сол күндер,
Сағыныш болып қалдыңдар,
Сарғайтып кете бардыңдар!

Зу ете қалған қас-қағым,
Шуаққа толы күнім көп.
Аюлы таудың тастары,
Сөйлер ме едің тілің боп!

Қалқаға сырмен алмасып,
Әндетіп таудан қайтар ем...
Сол сырдың тәтті жалғасын
Тіл бітсе өзің айтар ең.

Бой берген ыстық сезімге
Қайталанбайтын бір қылық...
Тіл бітсе бәрін өзің де
Жаяр ең жұртқа жыр қылып.

Ешкімге мәлім болмастан
Құпия қалды жастығым.
Жазылмай кетті сол дастан
Бөгет боп сенің тастығың...

Бейтаныс аруға

Қарай бердім құмартып, қалқам, саған,
Қайран көңіл, үздігіп балды аңсаған.
Жанарыңды төңкеріп, жымыдың сен,
Бір үміттен жаңарып қалды-ау санам.

Алпыс асып, көнерген түр-өнім бар,
Көнермейтін көңілге тіледім нәр...
Келбетімнен жанымды бағалама,
Басылмаған жалыны жүрегім бар.

Сен ағанды кіналап, сын артпа, Айым,
Көңіліңе мен-дағы мұң артпайын.
Көзі бар жан қызығар келбетіңді
Көріп тұрып қалайша құмартпайын!

Не деп жауап берерсің мына маған,
Сөзім болса, кешіргін, ұнамаған.
Не десең де құмартқан сұлулыққа
«Ағаттығын » ағаңның кіналама.

Көз ілмей таңды атырып,
Өткен шақ үнсіз шақырып...
Махаббат -жастық ғазалы-
Таусылмайтұғын тақырып.

Жер тарпыған құр аттай,
Жыр оқушы едім-сұратпай..
Сылдырап ақты балғын шақ
Құрдымға сіңген бұлақтай..

Жыр болып атып таңдарым,
Сан кешті жырға арнадым.
Сырғыған уақыт-сынапты
Қолымда ұстай алмадым.

Айтылмай талай сыр қалды,
Алтыным-жастық ұрланды.
Жалынды, жайсаң күндердің
Артында ғазал жыр қалды.

Көзіммен Күнді батырып,
Күрсінем үнсіз аһ ұрып.
Көңілге медет, алданыш-
Өлмейтін мәңгі тақырып.

Қызарып шапақ-кешкі нұр,
Салқам төс самал есті бір.
Батысқа қарап отыр ем -
Басыма келді ескі жыр...

Жанымды жайлап таза мұң,
Еске алдым жастық базарын.
Орала берді ойыма
Махаббат жыры-ғазалым.

Өткен күн жанға төкті ызғар,
Еске алсам жүрек көп сыздар.
Көбелек қуып кеткен бе
Көлбедеп жүрген көп қыздар

«Артың- жалын, алдың-жар»,
Әуреге талай салдыңдар...
Бүгінгі бір-бір «бәйбіше»,
Көңілде қыз боп қалдыңдар.

Күн-ару, әне, батты жай,
Мұңайып үнсіз жатты сай.
Қиял-ғажайып күндердің
Сағынышының тәттісі-ай!

Қызарып шапақ-кешкі нұр,
Жібектей самал есті бір.
Иісі жұпар аңқыған
Есіме түсті ескі жыр...

«Көңіл жас, қалай көнерем,
Гүл болсам қайта өнер ем...»
- Шақырады шайға Әжем,-деп,
Қолымнан тартты немерем...

Сенің мөлдір жанарың -
Жан мейірі қанарым.
Тыныс алсаң - дірілдеп
Деміккен қос анарың.

Елден ерек керімім,
Құсы жұмақ-төрімнің.
Құлпынайдай тәп-тәтті
Қан қызыл от ерінің.

Көзім саған телінді,
Жұтсам жұпар демінді.
Инеліктей бүгілген
Құшсам нәзік белінді.

Кірпіктен нұр шашылды
Түн ұйқымды қашырды.
Қалғып кетсем арман не
Сипап жатып шашыңды!

Мен сені
Сарғайған жапырақтай боп,
Сүреңсіз атыраптай боп
Сағынып жүрмін.

Мен сені
Оралмас өткенімдей деп,
Келетін көктемімдей деп
Сағынып жүрмін.

Мен сені
Көргенде алғаш күлімдеп, құрбым,
Көзіңде жанып шуағы нұрдың...
Түсіме де ылғи күлімдеп кірдің
Мен сені
Содан Күнім деп білдім ...

Сен жоқта іздеп жалынын жырдың,
Мен сені -
Күнді сағынып жүрмін !

* * *

О, менің кара бұрым қарындасым,
Қалайша жігіт аңсап, сағынбасын.
Сағындыр, соныңменен сұлусың сен
Бойыңда жастық оты жалындасын
Қаракөз, кара бұрым қарындасым.

Құлпырып қызғалдақтай түрленесің,
Мұң торлап бота көзің түнермесін.
Шаттыққа толы болып әрбір күнің
әр таңың бақыт сыйлап, күле келсін.
Толықсып дәл осылай жүре бер сен.

Сүйемін періштедей пәктігіңді,
Адаспай өткіз, жаным, шат күніңді.
Өріп жүр өркөкірек, өзімшілдер...
Жұлдырма шешек атқан ақ гүліңді.
Сүйемін, айнам, сенің пәктігіңді.

Өкінсең - көздің жасы жүз тамады,
Бермесін тағдыр ондай қысталаңды.
Бұрымға мына ғажап жараспайды
Көлгірсіп көп жаманның ұстағаны.
Қалауым - басыңнан бақ ұшпағаны.

Қарабұрым, қаракөз қарындасым,
Жалындасын жас ғұмыр, жалындасын
Жалынса да көлгірсіп, көп жамандар,
Жүрек - қамал қаскөйге алынбасын...
Менің ғана болсыншы бағым басым,
Қара бұрым, айнамкөз қарындасым!

Әнші аруға

Сағым боп келген дүбірлі ән өлкесінен,
Сен менің жастық шағымның көлеңкесі ме ең
Жанымды өртеп барады жалын - жанарың,
Көңілді баурап, көзді алдап өлең-төсіңмен.

Нұрланып жүзің, келгенде сақылдап күліп,
Әр лебіңді еріксіз мақұлдап тұрып ...
Алыстап бара жатқандай күй кешкенім-ай,
Жаныңа сенің, қалқам-ау, жақындап тұрып.

Сиқырлы сазың жүректі «байлап» алған-ды,
Қиялым самғап сол шақта... Айға барған-ды .
Мылтықсыз мерген секілді шарасыз қалдым
Елікті көріп елтіген айдаладағы ...

Азат ғұмырдың елігі-ау, сән еркесі ме ең?!
Алқынып барып, алдықты әрең кесіп ем...
Сағым боп келген думанды ән өлкесінен
Сен менің жастық шағымның көлеңкесі ме ең?!

От тастағандай санама сұңғыла мына,
Лағындай болып еліктің тұрдың алдымда.
«Телміргенше, аға, бір өлең шығармайсыз ба?» -
дедің қылықпен ұқсамас құрбыларыңа .

Жастықтың өтіп кеткені - өкініш неткен?!
Орта жас деген ордаға бекініс тепкем...
Арайлы жүзің не деген сүйкімді, қалқам,
Өлең қолқалап, ағаңа өтініш еткен!

Ғажайып күй ғой сезіну, түйсіну деген,
Емеуріңе жүрек егілді исінуменен...
Сұлулық, Саған ешқашан жанарым тоймай
Өтермін-ау мен жыр арнап, сүйсінуменен!

Муза

Жүргендей-ақ жүзінде ұстараның
Көп өткердім тағдырдың қысталаңын.
Қонбай қойды кептерім шырқау кеткен
Сайрамады көңілде құстар әнін.

Қалам, сені көп болды ұстамадым,
Алаңы көп жанымды қыстамадым.
Жұрт алдында сол үшін айыптымын,
Жыр алдында сол үшін күстанамын.

Көрмек болған оқырман ой тереңін
Дейді маған: «жыр оқы, айт өлеңді».
Жалынын ап жүректің жырақ кеткен
Оралмаса Муза-ару, қайтем енді ?!

Жадырамай қойды бір жаным күліп,
Ұстатпайды жыр асау - сағым-күлік.
Ақ періштем, алыстан көлбеңдейсің,
Оралғалы жүрмісің сағындырып!

Шалдар

Болмаса да нық себеп, дара салдар,
Өткенің мен бүгіннің арасы алдар.
Көсем сөйлеп, көсіліп отыратын
Көрінбейді қазақы қара шалдар.

Көшке ергенді уақыт ұнатады,
Өзгергендей халқымның, сірә, халі.
Шалдар бар-ау қалада, далада да
Төпсилі, галүстік, шіләпәлі.

Мазам кетер жегі құрт-түрткі ойлардан,
Қарттарым аз, ұрпақты, жұртты ойлаған.
Сексендегі сеңгір бас шалдар отыр
Сақал түгіл, ырымға мұрт қоймаған.

Кісе салып, беліне кездік ілген,
Ата дәстүр, салтымыз безді кімнен?
Қорқамын мен «ақсақал» деген атау
Шығып қалар ма екен деп сөздігімнен.

Мазмұнға сай келмеуі сыртымыздың -
Салтқа берік болмауы құлқымыздың.
Шіләпілі шалдарың куәсіндей
Бет-бейнесі өзгерген ұлтымыздың.

Болмаса да нық себеп, дара салдар,
Өткенім мен бүгіннің арасы алдар.
Бабалардың бейнесін елестетер
Сағындырды ақ сақал, қара шалдар!

Жақсы болар еді...

Заманда мына шаттығы аз, наласы толық,
Ойдарды шексіз еріксіз аласың шолып.
Жел жағын ала беремін жұртымның ыққан,
Қаламын ба деп оққағар, панасы болып.

Жүректі ызғар қарыды, жаралады көп,
Атар таңымның сенімі аз, жорамалы көп...
Тексіздер теуіп жылатқан аруларымның
Көз жасын сүртсем деп едім орамалы боп.

Бой бермейтұғын егессе қай алыбыңа,
Шарасыз күйге қазағым таяды мына.
Жалаңаш қалған тастанды сәбилерімнің
Айналып кеткім келеді жаялығына.

Түспегенімен жалпыға салмағы толық,
Жатпасыш пәле күндерде алдағы толып.
Қарға адым мұң боп отырған мүгедектерді
Демесем деп ем қолтықтан балдағы болып.

Жылпостар жетер жұрт емес, бас қамын ойлар,
Жәдігөйленіп, асқанын, тасқанын тойлар.
Жаясы қалың, жоны - астау, жуанды көрсем -
Орала берер қаскөйлеу басқа бір ойлар:

«Өлермендерді келіде түйдірсем бе екен
Жағымпаздарға артымды сүйдірsem бе екен?!
Көрсеқызар, өсекшіл, күншіл біткенге
Өрт болып тиіп, өзегін күйдірsem бе екен?!

Аялай алман бар жұртты дара құшақ боп,
Аяймын жаным езіліп, бала құсап тек.
Қайырымы жоқ қаныпезер Қарабайлардың
Қадалсам ба екен қарнына қара пышақ боп!

Замана қысты саңлаусыз тығырық болып,
Нарық та жанға батады зымырық болып.
Үй-күйсіз жүрген момынға әкірендеген
Сарт етсем бе екен әкімге жұдырық болып!

Осылай ма еді шарт етіп сынғаның ,төзім,
Асқынып дертім барады, былғанып сезім.
...Ойлармен осы алысып жүргенде бір күн
Жақсы болар...еді кетпесем жынданып өзім!

Мұнарға сіңіп жастықтың асыл арманы,
Сарғайып бітті санамның жасыл орманы.
Құмырсақа-тірлік мимырттап, жүйкемді жеді,
Ерсілі-қарсы тасыған тасым аунады.
Жүректің жалын-алауы басылды мүлде
Жанымды жаулап ауыр мұң басып алғалы.

Тосырқап мына тоспаған тосын арнаны,
Дария - көңлім көл-көсір жосыла алмады.
Ілесіп алып дүрмектің көшіне оңай,
Өзгелер түгіл, өзімнің досым алдады.
Мүдделі тұсқа жетуге шақ қалғаныңда
Өкінішті қандай өксітіп, көшің ауғаны!

Жұлдыз ағып сәт сайын аспанымнан,
Қалжырадым өз мұңым, басқа мұңнан.
Селдіретіп шашты да тағдыр-талқы,
Тасқа үйір маңдайды қасқа қылған.
Жұлдыз - ғұмыр зуылдап барады ағып,
Тұлдыр таппай бұл жалған-қас қағымнан!

Серке күндер-ай, секірген құр аттай болып,
Сырғып өттіңдер толқыған сынаптай болып.
Жаныма менің шуақты із қалдырмастан
Желкенді көңіл басылды құрақтай солып...
Тірліктің түбі құрдымға тірелері - анық
Бетпаққа сіңген көкқасқа бұлақтай болып!

Жан таппай ұғындырар сыр-назымды,
Өткердім тағы, міне, бір жазымды.
Сарғайған сағыныштай дәптеріме
Көңілсіз қоңыр күздей жыр жазылды.

Жаныма батып мұңның торлағаны.
Басыма жайсыз бір күй орнағаны.
Теректей жапырақтан ада болған
Жабырқап доссыз көңіл қорланады.

Жүрегім әлденеден жасқанады-ай,
Тағдыр-жел бет қайтарып тастағаны-ай.
Қырсығы тірлік иттің айналсоқтап,
Сүріне бердім неге жас баладай?

Көп пе еді көргенімнен көретінім,
Көңілде болмай қойды неге тыным?
Дәлелдеп қайта-қайта жатыр өмір
«Кейде алдын, кейде артын беретінін».

Бұл күнде ұстараның жүзіндемін,
Созылдым, жіңішкердім, үзілмедім.
Бір жазым өтті тағы толқымалы,
Не сыйлар қоңырайған күзім менің?!

Қарғалар

немесе қыранды аңсау

Туғанда зілді арқалар шақ нақ,
Жаныңыз қалай барқадар таппақ.
Қырандар самғар көгінде заңғар
Қарқылдап жүрсе қарғалар қаптап.

Сезімнің селін доғарып көптен,
Нөсердің тостым соғарын көкпен.
Қарға құзғынға бықпырт тигізер
Қырғый да көкпен жоғалып кеткен.

Жанаса алар нарға нар ғана,
Көшіңді бастар жоқ дара дана...
Шалажансар марғау қоғамда мына
Сауысқандар мен қарғалар ғана.

Сейілмей мәңгі тұрар ма сағым,
Тұйғынға туар жыр арнар шағым!
...Өлексе түрткен қарғаға қарап,
Қанаты - қылыш қыранды аңсадым!

Жай таппай жаным беймаза мынау жалғаннан,
Үзіліп үміт, қайта да қайта жалғанған.
Дос дегендерім қалдырып сері көңілді,
Жүрегім айнып, түңілдім барлық талғамнан.

Баянсыз болған айныдым барлық талғамнан,
Асқарға бастар адыра болып қалды арман.

Өзімді-өзім кіналай берем, кіналай
Сәбидей аңғал, ересектерден алданған.

Сәбидей аңғал ересектерден алданған,
Отырыс осы - күйбің тірлікке малданған...
Шықтым дегенмен қаншама биік белеске -
Көншімей көңіл өтермін дүние - жалғаннан.

Бір жылап әрі бір күліп,
Дос етіп кейде қасты да.
Баянсыз мына тіршілік
Бір қырдан бір қыр асты да...

Аптабы жаздың күйдіріп,
Таныта қоймай шырай күз...
Тәңірдің төсін идіріп,
Жайлы күй жанға сұраймыз.

Тірліктен бақыт табуды
Сіндіріп ойға, санаға ап,
Қалады мүлде жабулы
Тәуба менен қанағат.

Үйілсе келіп бақ-дәулет,
Көрмедік ешбір тартынып
Қайыры жоқ сән-сәулет
Әкетердей артынып.
Іріткі салып бірлікке
Арзымас іске егесіп...

Білмейміз бітсе тірлік те -
Қаларымызды теңесіп.

Айыра алмай қойдық-ау
Шындық пен жалған арасын
Өмірден түйген ой мынау:
«Бітпейді, пенде, таласың

Көңілі пәс боп «қараның»,
Асқақтай берсін шенділер...
Түйгенде ойдың тарамын
Ақиқат мынау мен білер:

Мазалап ойлар дүркіні
Шарадай болар бас мына
Жер басқан пенде бір күні...
Түседі жердің астына!»

Аттап келем мен талай еңіс, қырдан
Тағдыр қашан жолымды тегіс қылған?!
Қаншама жеңілістің таттым дәмін, -
Үзбедім үмітімді жеңіс- жырдан.

Жүрсем деп айналама шуақ төгіп,
Сезімді қанша мәрте жұбатты ерік.
Қаншама қиянатқа шыдап келем,
Жаратқан өзі ғана қуат беріп!

Қаншама жалын құшып өртендім де,
Баянсыз сатқындықтан жеркендім де...
Жетелеп алға мені келе жатыр
Ұлы күш - Сенім деген ертең күнге.

Түспей-ақ қойды сақам алшысынан,
Тағдырдың жараландым қамшысынан...
Өзгеден еш уақытта мейір күтпей,
Маңдай тер қайыр күттім тамшысынан.

Туған ел — пейішім де, кенішім де,
Осында жеңілісім, жеңісім де.
Бағыма, сорыма да қуә болған
Қалдым сол жұмақ мекен - ел ішінде.

Ел десем түйін-нала тарқалды анық,
Жаныма қуат беріп дархан халық .
Бақ қуып кете алмадым қияндарға
Сол Елге кіндігімнен арқандалып!

Иесіз ауыл жұртында

Шашырап ойым үгілген нандай ...
Қазыға барып жүгінем қандай ?!
Қайран ауылым қаңырап жатыр
Үдеріп көшкен ...түгі де қалмай.

Үдере көшті бала мен шаға,
Қатадан сынды таба алар пана.
Қаңырап жатыр ауылдың орны,
Қалқайып қырда молалар ғана.

Осы ма, елім, желпінген қырпың,
Еркіндігім деп жең түрген сұрқың?
Қағынан безген құландай жосып,
Қалаға несін жөңкілдің, жұртым?

Қарсы алған болып атқан нұр таңды,
Үріккен қойдай аттанды бәрі.
Құдай-ау, қалай қалдырды иесіз
Ата-бабамыз жатқан қырларды?!

Құлазып қалған иен даланы
Жұбатып кімдер сүйеу болады?
Баталы баба, аруақты аталар,
Кімдерге енді киен қонады?!

Сарқылып суы бұлақ тынғандай,
Үрейлі тыныштық құлаққа ұрғандай ...
Сайын даламның сайы мен тасы
Пендесін іздеп жылап тұрғандай!

Дей алмайсыңдар сөздерім - жала,
Емес қой түгел көздерің - жара!
Сайын далаңда сақтаған бізге...
Қалдыңдар, Баба, өздерің ғана!

Туған жердің болмасын төсі мұңды,
Содан ғана табасың несібіңді.
Топырағы, ауасы киелі оның
Аялай бер сол алтын бесігіңді.

Аяласаң құлпырып, дала гүлдер,
«Перзенттерім, кәдеге жарадың»,- дер.
Бір бұтасын сындырмай, бір гүл үзбей,
Көктемеде бір-бір түп тал егіндер.

Туған ауыл әркімге - бір астана,
Бабалардан қалған бұл мұрас-дала.
Туған жерді ұлылар Ана деген,
Сол Анаңның ақ төсін ластама!

Бір ауылдық, болған соң бір қалалық,
Ұстанымда осынау бір болалық.
Алтын бесік - туған жер қасиетті
Жатсын әсте құлпырып, гүлге оранып!

Үміт

Атады бір таң, етегін тағы түн түріп,
Өтуде сырғып Өмір дейтұғын құндылық...
Жүрекке қонған құштарлық бізді жетелеп,
Кешеміз ғұмыр үмітпен алға ұмтылып.

«Бүгінгі күннен балалық шағым мың артық»,-
дейміз-ау кейде мұң басса ойды мұнартып.
Балдәуренді де өтпейтіндей-ақ көріп ек,
Жалынға толы жігіт кезеңге құмартып.

Қызғынды шаққа, қызулы шаққа тамсанып,
Отты күндерді өткіздік текке жан салып...
Бозала таңда бозбала күннен әрі асып,
Отау құруды, әке болуды аңсадық.

Толғандай болып көрінсе-дағы кенерең,
Ұрпаққа берер салмақтанғандай өнегең.
Баланы үй қылып, келін көруді көкседік
Жүгіріп алдан шықса екен деп немерең.

Шексіз ғой арман - қиял дегенің тұңғиық,
Келер күндерің санана тұрар нұр құйып.
Немерең өсіп, жігіт бола бастаса —
Жүрсе ғой дейміз шөбере қолға су құйып!

Жалған да мына жарық дүние, түбі - түн
Ақсақал болды кешегі жалын - жігітің...
Ымыртты мына ертеңгі таңға жалғайтын
Үзіле көрме, үкілі менің Үмітім!

Сағыныш

Жүргеніммен тағдыр - күшке бағынып ,
Үмітімді ақ тұмардай тағынып.
Бар ғұмырым өтіп менің келеді
Өткен шақ пен келер шақты сағынып!

Тағдыр - асау, бас білмейтін тағы күш,
Сұңқар - қиял, сан қиянға алып ұш !
Менің бүкіл ғұмырнамам - жүректе
Тұнып тұрған сары алтындай Сағыныш.

Желіне еріп, бойдағы асау ағынның,
Рас, кейде «арқам қозып», қағындым.
Сол шақтарда қалып кеткен алыста
Бала күнді, бұла күнді сағындым.

Жалынына ерік беріп жанымның,
«Ертеңімді жарық ет»,- деп жалыным.
Өткенімді өртенердей еске алып,
Ататұғын ақ таңымды сағындым.

Денем үйде, қиял-оймен түздемін,
Сағыныштан әйтеуір қол үзбедім.
Төрт құбылам түгел сынды, әйтсе де,
Токтамайды сағыну мен іздеуім...

Үмітімді тұмар етіп тағынып,
Келемін мен тағдырыма бағынып.
Сырғып өтіп бара жатыр ғұмырым,
Қол жетпейтін әлде нені сағынып!

Көктем

Ерітіп, бұзып көк көлдің сеңін,
Кеңітіп жердің етегін, жеңін
Сағынтып мені жеттің,бе келіп,
Сылдырлы сұлу Көктемім менің!

Самалың жібек бетімнен өбіп,
Шуақ Күн көктен мерейін төгіп
Көрімдігіндей бәйшешек гүлдер
Жайқалтып қойған бөктерге егіп.

Пернесін нәзік сезімнің басып,
Күмбірлі күймен көңілдер тасып...
Шуақты күннің жалыныменен
Таулардың «төктің көзінің жасын».

Тіршілік көзін шаттықа бөлеп,
Ғашық жүрекке ұстатып өлең
Жүрек біткенге мейірім егіп,
Құлпырттың қыз бен жігітті желең.

Ерітіп,бұзып өзен-көл сеңін,
Кеңітші жердің етегін, жеңін.
Сыпырып суық көрпесін қыстың,
Жеттің бе сұлу Көктемім менің!

Наурызға тілек

Еркіндіктен өзің боп ұтқанымыз,
Ата дәстүр - бүгінде құптарымыз.
Аңсап күткен Қазақтың даласына
Шуағыңды шаша кел, құт-Наурыз!

Ақсын су боп қар-қыспақ ебіл-дебіл,
Аспанымнан, ақ сәуле, төгіл, төгіл!
Қара жердің мұз-тоңын еріткендей
Қара жүрек жандарды егілте біл.

Аяулым-ау, көш-керуен легіндей,
Ел төріне ырыс-құт іле кіргей.
Мейіріміңді әлемге төге келші,
Менің асыл анамның тілегіндей.

Кең даламның жастанып жотасын бай,
Қаһарлы қыс, енді де жатасың ба, ай?!
Тіршілікке ізгілік нұрын сепші
Менің абыз бабамның батасындай.

Нұр-сәулеге кенеліп дала таңы,
Қанаттансын жаңа өскін, балапаны.
Наурызым, шуағың - анашымның
Сияқтанды жып-жылы алақаны.

Жарқыратар шырайын еркін елдің ,
Наурызым, дәстүрдің көркі ме едің.
Алшысынан сақалар түсіп бүгін,
Алшысынан киілісін бөркің, Елім !

Кесір заман келместей төңкеріле ,
Таңым атты шуақпен көмкеріле.
Құт-береке бастауы - өз Наурыз,
Ақ ниетпен аттағын ел төріне!

1992 ж.

Туған өлкені аңсау

Қанша мәрте сені аңсап алып ұштым ,
Әйтсе де адам тағдырға бағынышты.
Туған өлкем, барады дерті асқынып
Саған деген сары тап сағыныштың.

Қуат берген бойдағы жыр-ағынға
Сенің самал желің де құлағымда.
Емін-еркін шалғынға аунар ма едім
Керей жалы, Торактың бұлағында.

Жаздың бір мамыра жай айларында
Барып қайту жыл сайын ойда мына.
Балағымды боятып бүлдіргенге
Жүрсем деп ем Саңғылдың сайларында.

Оралмайды, бұла күн оралмайды,
Жүрек шіркін тартады содан қайғы.
Көкжал атқа мініп ап аралар ма ем,
Қызыл шоқы, Түйе тас, Тоғанбайды.

Көшетін кез жайлауға ел түріле ...
Сағым болып жоғалды енді, міне.
Табанымды күйдіріп ыстық құмға,
Қайран Нұра сүңгір ма ем мөлдіріңе!

Пендеміз ғой тағдырға бағынышты,
Барайын деп қанша рет алып ұштым...
Бара алмадым, барады дерті асқынып
Саған деген сары тап сағыныштың.

Басқан ізім қырында, сайда қалып,
Көрінердей көзіме айдан анық.
Балалығым қалған жер, барам іздеп,
Сәті түскен бір күнді пайдаланып!

2000 ж.

Тілегім

Өзгеден ерте мұң иісін сезінген едім,
Содан да болар түндерде көз ілмеп едім.
Жесірдің зары жүрекке шемендей бекіп,
Жетімнің жасы мөлтілдер көзімде менің.

Байқасам қуды күні үшін жармасып жүрген,
Көңіл - көлімнің тарылған арнасы бірден.
Кекірігі азған жемқордан жиіркенемін,
Аш құрсақ сәби көргенде қарны ашып жүрген.

Айтылмас сырды ойланбай жарияларда
Қасиет қалмас демейді жанұяларда.
Мұңыма менің мұң қосып, жанымды жейді
Қарттар үйіне қалдырған қариялар да.

Қоғамды мына ордасы болған «құлқынның»
Өзгертердей-ақ өзеуреп текке ұмтылдым ...
Мыстан кемпірлер дер едім жезөкшелерді -
У сеуіп жүрген келешегіне ұлтымның.

Күтумен жүрмін заманға өтер деп өкпем,
Өтеусіз тер де қалмас деп, бекерге төккен.
Опасыздар үшін опық жеп, ойсырап қалам,
Отанын сатып сауғалап, шет елге кеткен.

Атқандай еді елімнің ақ түңлік таңы
Білінбеген-ау ұлтыма жат сұмдықтары ...
Қара ниет қаскөйлер сезінбес, сірә,
Қайтарын ертең өзіне сатқындықтары.

Ит-тірлік ішті кептірдің тепкілей кілең,
Тояттап біттім аяусыз кек-дүлейіңнен.
Менімен кетіп бар қайғы, уайым деген,
Ұрпағым мұңсыз болса екен деп тілеймін мен.

Екі өлең

I

Ортаға сап ойлансақ біз бәріміз,
Азаяр ма еді бастағы ызғарымыз...
Жүрегінді жаралар -
Жалаң кеуде, бейпілауыз, бейәдеп қыздарымыз.

Ұрпағына ақыл-ой, сана болар,
Есті болса - ел үшін жанады олар.
Қылықтым мен бұрымдым неге азайды
Аяулы Ару, аялы Ана болар?!

Ой ішінен орамды сөз екшелер,
(Ағын суы сарқылса- өзекше өлер).
Қыз Жібектер, Баяндар ғайып болып,
Қайдан пайда болды кіл жезөкшелер?!

Кәсіп еткен сайқалдық, аюандықты,
Күң нәсілі болады қайдан мықты...
Текті жұрттың көзайым аруына
Тексіздіктің бұл дерті қайдан жұқты ?!

Нәзіктігім -Ару қыз, сәнім менің,
Сыйға лайық болсаңдар - табынды елің.
Өздеріңнен жат қылық көрген сайын
Улы дерттен сыздайды жаным менің.

Жүре алмасаң ұлтыңның сақтап қанын,
Бастарыңнан кетер-ау аттап бағың.

Айналайын, аяулы ару қыздар,
Асылымды жат жұртқа таптатпағын !

II

Сұңғақ қылып жаратпаған бойыңды
Аққу сынды бермепті де мойыңды.
Сені бірақ биіктетер басқадан
Артық қылған сезімің мен ойыңды.

Айтарлықтай хас сұлу да емессің,
(Көңіл үшін мақтамады демессің)
Әйткенмен де, сұлулардан ақылсыз,
Парасатың, пайымыңмен бөлексің.

Сырласқанда бос кетпеді уақыт құр,
Үйлесуде біздердегі сыр мен жыр.
Табылмайды сан сұлудан
Сендегі саналарға сәуле шашар ғажап нұр.

Мазмұнға сай болмайтынын мүсіннің,
Жан мен тәні бөлектігін кісіңнің,
Қадырдың да: «...сұлу қызды аяйсың...»-
Деген сөзін сен арқылы түсіндім!

Дәмін де кем татпағансың азаптың
Шуағын да шектегендей азат күн ...
Сонда да сен жаны сұлу Арусың,
Қарапайым қара қызы қазақтың!

Ағайын

Жүрсен егер аман -сау,үстем болып мерейің,
Кіжінеді шіркіндер, деп: «бәлемді көрейің».
Құлай қалсаң қапыда, шалыс басып аяқты
Демес онда: «обал-ай, қолтығынан демейің».

Көрсететін аңқылдап жүрегінді көмейің,
Аңқау болсаң қашан жүру қиын көбейіп!
Өскенінді көре алмай, өшкенге түк бере алмай,
Өксітіп қойған көңілді, ағайын, саған не дейін!

Демеймін ғой шығысып,ағайыннан кетейін,
Өз аузыма өз қолым жетпей жатса не етейін?
Өкпе бар да, бауыр жоқ, сыны шексіз, ағайын,
Енді саған не айтайын, енді саған не дейін!

Қоныр өлең

Періштені аңсадым орман - жырдан,
Тұла бойы тұратын жанған нұрдан.
Адамзатқа сарқылмас шаттық тілеп,
Жан едім мен қиял мен арман қуған.

Санама кеп сан түрлі ой «сумандады»,
Керексіз кесір ойдың қуғам бәрін.
Жаныма жақын тартып тұрсамдағы,
Сырт берер кей ағайын-туғандарым.

Орындалмай аңсаған, көксегенім
Қырға үмітпен шығам да, бос елемін.
Жаным қалмай құрметтеп жүрген кеше
Қасқа айналып кетеді дос дегенім!

Солар үшін кетуші ем - тасқа айдасын,
Қалай ғана жасырды басқа айласын?!
Соларды ойлап мен жүрсем басым қатып,
Олар жүрер күйттеумен бас майдасын.

Шайқалса да ісі жоқ шаңырағым,
Сағалайды әрқайсы табынарын.
Сезімдері селт етпес, екіжүзді
Сол жандарды мен қалай сағынамын!

Жатса жатсын тұралап ісің мейлі,
«Майлы болсын өзімнің ішім»,- дейді.
Менің сыршыл жүрегім алас ұрып,
Қайдан мұндас табарын түсінбейді...

Келсін бәрі, мейлі де, кемеліне,
Бақша орнасын бәрінің көлеміне.
Қоңыр кеште сондықтан қоңырайып,
Ораламын жан досым - Өлеңіме.

Байлығым

Балаларым - байлығым, қызған бағым,
Сендерменен жалғанар ізгі арманым.
Үш бәйтерек -үш ұлым, тірегім де,
Жайнап өскен үш қызым — қызғалдағым.

Білем, дара әркімнің мәні барын,
Демесем де баламның бәрі дарын.
Әрқайсысы - ерекше бір-бір тұлға,
Бәрі бір-бір періште, табынарым.

Қанаттанып біртіндеп барасыңдар,
Әр қайсыңның өмірден аласың бар.
Әке болып, ана боп кетсеңдер де
Менің үшін бәрің де баласыңдар.

Өсерсіңдер, бәрің де өнерсіңдер,
Әке-жүрек көбейсін, көгерсін дер.
Келіп-кетіп жүріндер әр тараптан,
Түлеп ұшқан ұяңа, көгершіндер!

Өтер сендік бақытты аңсай ана,
Әкең де өтер дәм бітсе, жантая қап...
Үлкендерің кішіңе корған болғын,
Ал, бесеуің кенжеме - Жансаяма!

Балаларым - бақытым, қызған бағым,
Ұрпағыммен жалғанар ізгі арманым.
Өтінемін, Тағдырым, сұрап сенен
Мендегі осы байлықты қызғанбағын.

Әкем туралы

Әкем марқұм таусыларда дәм-тұзы мен жыр-әні,
Бақи мәңгі болатынын сезінгенде тұрағы.
Інім менен екеумізді шақырып ап жанына.
«Екеуіңде қанша бала бар еді?»- деп сұрады.

Жүреуғын көңіліне сәуле шашып, жарық қып,
Немерелер санын енді ұмытқан ғой жарықтық.
Екеуміздің баламыздың санын қосып айттым да,
Сауалына мән бермедім, ойланбадым парық қып.

Әкемізбен арамызда ең ақырғы сөз тынды
Қайғы төнді үйімізге боз тұмандай боз түнгі.
Саусақтарын бүгіп жатып, санамалап ұрпағын,
Жаны мәңгі жай тапты да, асыл әке көз жұмды...

Тіршілікте қызықтырмай байлығың мен дәулетің,
Түзеп қана жүруші еді сәні менен сәулетін.
Бұл фәниден өтерінде қайырылып соңына,
Түгендеген екен ғой ол ізіндегі әулетін.

Солай, балам, атаң-тегім, затым қалды деп кетті,
Сол арқылы болашаққа хатым қалды деп кетті.
Бекер ғұмыр кешпегенін түйсініп те сүйсініп,
Мына өмірде өшпейтұғын атым қалды деп кетті.

Өтті өмірден қиянатсыз, тірі жәндік өлтірмей,
Оның адал, ақ ниетін алдарыңнан келтіргей.
Аруағымен желеп қазір жүрген шығар бәрінді,
Енді сендер есіміне жүріңдер кір келтірмей!

Мәңгілік

Қысың өтіп,көктем мен жаз, келсе дағы күз мейлі,
Адам - пенде әлденені өмір бойы іздейді.
Тоят таппай көңілі де мынау жарық жалғаннан,
Жоқты аңсайды, таппайды да, бірақ, күдер үзбейді.

Жанталасып,шарық ұрса да бермейді ешкім қол ұшын,
Қырсығады, таласады, бет жыртысып сол үшін.
Байлық та бар, бала да бар, бірақ бір зат жетпейді
Күнде осылай, тапқызбайды ой-орманнан қонысын.

Қайда барып, білмейді өзі қайда жетіп тоқтайды,
Жанын жейді жоқ іздеумен, қажытады көп қайғы.
Қолда барда алтынды да менсінбейтін сол пенде
Жер көкте жоқ, зәру затты, дәру затты жоқтайды.

Төрт құбыла түгел болып, шырқалса да жыр -әні,
Арман шіркін аңсарынды басқа арнаға бұрады.
Өйткені бұл Өмір деген жоқ іздеуден, үмігген
Өкінуден, аңсау менен сағынудан тұрады.

Тырбың қағып, ағыл-тегіл ащы терді төк мейлі,
Бір сәгін де арман-ойсыз, сағынусыз өтпейді.
Үміт үзбей, жоқты іздейді, жалықпастан іздейді,
Сол жоғына өмір бойы ұмтылады, жетпейді...

Бар қызығы тойланса да, айтылса да бар әні,
Адам ешбір жаза алмайды аңсау деген жараны.
Үзілгенде ғұмырнама, тоқтағанда ет -жүрек,
Қауышады мәңгілік пен тоятсыздық араны.

Өмір бойы жоқ іздеген ой- орманын қаңғырып,
Көріңізші бұдан кейін Адам деген жанды ұғып.
Жоқты іздепжүріп, жүріп, өзі кетер жоқ болып...
Жаныңыздың жай табары -

түпсіз терең Мәңгілік!

Ауруханада

Сан сайран салғанбыз, тойлап,
Сан бұлбыл қалғанды сайрап...
Жаңылып асау екпіннен

Сырқатым төсекке байлап,
Жатырмын ауруханада
Жалт берер жалғанды ойлап.

Арманым, намысым - байрақ,
Сезімім көзімде жайнап.
Жер тарпыр тұлпар-көңілім
Қалғандай мертігіп, жайрап.
Отырмын төзім-қайрақпен
Жігердің тұқылын қайрап!

Саулықта сайран күндерім,
Құныңды қайдан білгемін?!
Бас аман, тәнім сау кезде
Екен ғой сайрап жүргенім.
Жақсылар жаныңнан кетпес
Қалдың ба қайран күндерім!

Ұғымға сыймас айнала парадокстар,
Асыл ойларды басқандай қара қоқыстар.
Мемлекет емес, адамдар арасында
Жүріп жатқандай дара соғыстар!

Арларын сатып, ұмтылар таққа «бастықтар»,
Адыра қалды ұғымда «аққа жақ» тұстар.
Арыстай азаматтардың ажалы болын,
Ашынып алды ақи көз бақталастықтар!

Жігіттер- ай, жалтақтап, жасқанбастан жасқанар,
Кеткен иман жүректен, кеткен және бастан ар.
Неткен уақыт қағынған, неткен ұсақ пенделер,
Иықтағы басына ие болған басқалар!

Қыздарында қылық жоқ, ез боп кеткен ұлдары,
Намыс, жігер, қайраттан ада болған, тұл бәрі.
Серкелерің ел сенген қарақшыға айналып,
Алла емес, алудың, құлқынының құлдары.

Кімге сеніп, кімдердің үлгісіне ересің,
Өз басынан өзгеге жетпей жатса өресі.
Дарындыны көзге ілмей, қарындыны құрметтер
Жарты патша болып тұр бүгінгің төресі!

Жариялап саған мақсатым, ізгі арманымды,
Арала деуші ем гүлденіп, қызған бағымды...
Сүйінші сұрап шаттансам, бірге қуан деп,
Сезбеппін сенің сол бақты қызғанғаныңды.

Бірге тойлап шуақты жыр- аптабымды,
Шынайы досқа деп білдім сыр ақтарылды.
Жанашыр болып, жанымда жүріп -ақ мені
Байқамай қалдым аңдаусыз құлатқаныңды.

Мейлі де, сенің төріңді жайласын мамыр,
Білмеймін күншіл пенденің қайда асығарын.
Досыңа қастық ойлаған арам пиғылың
Шешілмес пе екен басқаның пайдасына бір?

Қарауылына тигенмен оқ атқаның дөп,
Орнына қояр, уақыт, сағат бәрін кеп...
Осыдан тапқан бар «олжаң» болып жүрмесін
Жанашыр, жақын бір досты жоғалтқаның боп!

Толағай

Бір тамшы су аспаннан тамбай қалып,
Дала күйіп аптаптан, қаулай жанып ...
Жатқан кезде тобықтай Толағай ұл
Бұлт әкелмек болыпты шалғай барып.

Туған өлке жатқанда шаңға айналып,
Отырсын ба батыр ұл таңдай қағып!
Жаңбырлатып бір тауды алып келіп ...
Мәңгілікке қалыпты тауға айналып!

Жалаң аяқ жар кешіп, шалғай барып,
Нұр тасыған ұлды Алла қолдайды анық.
Батыр ұлан - Толағай арқасында
Менің далам кетпеген шөлге айналып!

...Найзағайы өтті де күркіреп бір
Ақ жауыны даламның сіркіреп тұр.
Шөлейт аймақ басталар шекарада
Толағай тау жұртыма нұр тілеп тұр.

Жазира далам - киелі байтақ мекенім,
Көгінде шалқар жүзетін еркін, жеке Күн,
Өзінді сүю арқылы ғана түсіндім,
Туған жерімнің анадай қымбат екенін.

Қуандым сенде, шаттандым сенде мастанып,
Шалқыдым ерек, шалғынды төсің жастанып.
Тағдырдың талай толқулы сәті сенде өтіп,
Қажыдым сенің топырағыңа жас тамып.

Кеудемен соғып, басынды талай әңгүдік ,
Мына жалғанда жүрердей мәңгі сән құрып.
Адам-пендеден түнілдім, егер түнілсем,
Ал, Саған деген махаббат менде мәңгілік!

Тәуелсіздік

Кетпесін десең есіктен ырыс, бастан құт-
Тарихты таны, өткенді жырла дастан қып.
Абылай ханның өксітіп қойған өмірін -
Бүгінгі біздің бағымыз болған бостандық!

Адыра қалып армана - ойы, жоспары,
Жау болып шыққан қандасы менен достары...
Бостандық үшін бөлініп түскен иықтан
Кенесары мен Махамбетімнің бастары.

Төбеге шығып, қанқұйлы талай әңгүдік,
Сайын даламда сайтан ойнады шаң қылып!
Ғасырлар бойы рухы қайсар Қазағым
Асанқайғыша жоқ іздей берді «қаңғырып».

Қазаққа бақыт кеткендей мүлде қырындап,
Құлагер — тағдыр қазылған орға ұрынбақ.
Бодан қазақтың бозторғай-шыбын жанындай
Арыстар өтті, алыптар өтті шырылдап.

Жақындап келіп қалғандай болып бір бақыт..
Сағынышымды сағымға алдым ұрлатып .
Қызыл қырғынның құрбаны болды, әттең-ай,
Әлихан, Ахмет, Мағжан, Сәкен, Міржақып ...

Тарихтан елім тағылым алды, сыр ұқты,
Ардақтап асыл атадан қалған рухты.
Қылыштай өткір, найзадай берік Қазағым
Бостандық үшін, еркіндік үшін туыпты.

Атады деумен біз үшін бір күн таң нұрлы,
Бақытын іздеп қалдырды артта сан қырды.
Қайсар рухтың қанменен сіңген ұшқыны
Желтоқсандағы жас өркен болып жаңғырды.

Қыйнады тағдыр, қайта да қайта қыйнады,
Тұлпар текті елдің ноқтаға басы сыймады!
Көзі жеткен соң қайыспас қайсарлығына
Тәуелсіздікті Тәңірдің өзі сыйлады.

Өзгертті уақыт ғасырлар бойғы әуенді,
Тәуелсіз елім мойындатты әлемді!
Қазағым бүгін тәуелді емес ешкімге,
Қазағым менің Аллаға ғана тәуелді!

Қанша жұрттан бөлек сенің кеңдігің,
Қазақ елін танымайды енді кім?
Ғасырлардың қойнауынан оралған
Бар байлығым — Бостандығым - Теңдігім!

Қанша ғасыр шығар есік таппаған,
Бодан күндер бүгін енді жат маған.
Куәсімін мынау Алтын ғасырдың,
Қазақ болып туғаныма мақтанам!

Өтіп уақыт «байтал түгіл, бас қайғы»,
Маңғаз елім бақ келді деп таспайды.
Аманатты арқалаған ұл - қызың
Таңы жарқын болашаққа бастайды.

Күннің нұры түріп елдің түндігін ,
Шамшырақтай жарқырап-ақ тұр бүгін.
Көк Байрағым көкті сүйіп, желбіреп,
Көп алпауыт санасатын туды күн.

Азалы шақ айналды да сағымға,
Аспандады бақытым да, бағым да.
Өзге емес, өзек жарған өз ұлы
Өз елінің отыр алтын тағында!

Азат елдің ашық болып аспаны,
Қайғы бұлтын көрмесе екен жастары.
Алла өзі баянды етсін, ағайын,
Өзі берген осы бақты бастағы!

Өмір шіркін секілді қиыр далам,
Өлең төсін сан соқпақ шиырлаған.
Бұралаңы тірліктің ми қатырып,
Сананы улап, ұйқымды жиі ұрлаған.

Қалың ойдан жағдайым қиындаған,
Күйзелісті ұғар ма дүйім надан...
Салқын үй де, салулы төсек те бар,
Тыныш ұйықтау тек маған бұйырмаған.

Дастархан бар жаюлы, жиылмаған,
Ырыс та бар сорпасы сұйылмаған.
Сол дастархан басына ақ көңілмен
Жыйналуы достардың қиындаған.

Тасыр уақыт зулауда құйындаған,
Ой нөпірі тасқындап, тыйылмаған.
Бәрін берген тағдырым шектегендей
Жанымды ұғар жақсыдан сыйын маған.

Мәнсіз өмір, болғанмен тиын маған,
Тосын шешім табу да - қиын қадам ...
Осылай күндер өтіп жатар кейде,
Бейәдеп сапырлысып құйын-санам.

Ән- күдірет

Көмейіңнен сиқырлы әуен төгілді,
Әнқұмар жұрт елжіреді, егілді.
Бұлбұл қонған таңдайыңнан қалықтап
Ғажап әуен шарлап кетті көгімді.

Мен де толқып, қиялыммен бірге ұштым,
Бейсезімнен алғандай бір кегімді.

Ән - сурет, бояуы мол, сыры көп,
Құбылуға түсетұғын мың рет.
Көгершін-ән, қалықташы, қалықта,
Көңілімнен тұман ойды түріп өт!
Жан дүниенді ежіреткен, еліткен
Ән дегенің, міне, осындай құдірет!

Алла саған сол сиқырды беріпті,
Ғажап өнер тұла бойды ерітті.
Сен - әншісің әуезімен сүйкімді,
Әнді сүйе білгендіктен көрікті.
Сондықтан да сендей әнші-арулар
Адамзатқа еркелеуге ерікті.

Ұлттың ұлы ән-мұрасы өлмесін,
өнерпазын өркендетпеу - елге сын!
Шын өнерпаз -Құлагері даламның
білетұғын жабыға дес бермесін.
Сол Құлагер - арғымағын қапыда
Батыраштар сүріндіре көрмесін!

Жаңа ғасырға тілек

Толғау

Құлақ тұнар даңғаза тасыр үннен
Есеңгіреп, әр тауға бас ұрумен
Мәңгүрт қыла жаздаған дәуір өтіп,
Қауышты Елім Тәуелсіз ғасырымен!

Белгі іздесек еске алар өткен күннен :
Кетпейтұғын қиянат естен мүлдем.
Қарап тұрсаң арттағы жүзжылдыққа:
Басталыпты ол «қанды жексенбіден»...

Болғансынып жарлының арашасы,
«Күн болам» деп, «сәулесін» дара шашып,
Ақ патшаның сарайын қан бөктірген
Он жетінің атақты Қарашасы!

Тобыр қайдан ұғынсын ұтылғанын,
Мақтан көрді «ескіден» құтылғанын.
«Қойдай қуып қамшымен» тентіретті
Дәулет қонған тектінің тұқымдарын!

Құр айқаймен, ұранмен тастық келіп,
Қара таяқ жалшыны «бастық » дедік ...
Рух, ырыс, бақ-дәулет ...шекара асып,
Дәрменсізді жалмады аштық келіп.

Бұл сойқанның қойғандай ойлап бәрін,
Жамау - жабу жамылған тайлақтарың
Қыл бұғауды салды да «көгендеді»
Алашымның біртуар, қаймақтарын!

Өзге жұрттар кеткенде көш ілгері,
Жарытпады тағдырың төсін беріп...
Өз еліне жат болып, жетпіс жылдай
Аталмады асылдар есімдері!

Тағдыр атты боз інген боздап кәрі,
Одан әрмен зарлатып, боздатты «әнін».

«Отан үшін!» деді де отқа түсті
Жалындаған елімнің боздақтары.

Болып «асыл мүддесі, шын арманы»
Коммунизм елесі — шынар -бағы ...
Кенді қазып, қала сап, егін егіп,
Қой бақса да ұшпаққа шыға алмады!

Бұл қазақты алғандай сор танып та,
Өзін кеміс, өзгені зор танытқан.
Тапқан табыс, ырысын аузындағы
Жырып беріп отырды «Орталыққа!»...

Көне берер еді жұрт қайғы-мұңға,
Төмендетпей Кеңестің айбынын да ...
Шайтан түртіп, шатасты «көсемдері»
Шатқаяқтап саясат айдынында!

Өтті ғасыр!
Даңғаза, жалауы көп,
Бергені аз Қазаққа, тонауы көп.
Бір-ақ күнде бұрқ етті Ар мен Намыс
Желтоқсанның мұздағы алауы боп!

Жалындады арманым алауым боп ,
Жерден шықты көктегі қалауым кеп!
Еркіндігім шырқалды Әнұран боп,
Көкке төсінде Көк Туым-жалауым боп!

Жұртым менің оянып жасын-үннен,
Табыстық-ау жоғалтқан асылыммен!
Мұражайға тапсырып мұң мен шерді,
Қауыштық-ау Тәуелсіз Ғасырыммен!

Жүрмен енді өзгенің есігінде,
Шаң қаппасын Даламның төсі мүлде.
Жаңа Ғасыр!
Тербетші Қазағыңды
Тыныштықтың ақ мамық бесігінде!

Ана тілім!
Ардақтым, бар асылым,
Сенен тапқан ой-сана жарасымын.
Қуатысың адамзат баласының
Ақ сүтімен бір сіңген анасының.

Сен арқылы тоқтатып таласқанын,
Ата-бабам сейілткен «қара аспанын».
Ана тілден айрылған ұлыстардың
Қашан көрдің жұлдызы жарасқанын?!

Шаша алмаспыз топырақ бекер көпке,
Саған талас туғызды - жетер ме өкпе...
Тәуелсіздік туымен қатар ұстап,
Туған тілді аспандат, көтер көкке!

Қоңырлық

Несібі - маңдай тер мен табан ақы,
Шықпаған сонысымен жаман аты.
Пір тұтқан небір дана данагөйлер
Қоңырбай - менің ұлы бабам аты.

Өзім де қоңыр күзде туған екем,
Кіндікті қоңыр шуда буған екен.
Даңғаза, дарақылық қолым емес,
Оңаша, қоңыр ойым - нуға кетем.

Өтсек те дауылдардың жиі өтінен,
Тағдырым, қоңыр мінез сый етіп ең.
Жасымнан Әбікеннің «Қоңыр» күйін
Тебірене тыңдағанды сүйетін ем.

Қоңырлық жеткен бізге есікпенен,
Жалғасып азды-көпті несіппенен.
Артта қап, алдыға да озып кетпей,
Қой мінез, қоңыр тірлік кешіп келем.

Жат қылып маған Жаратқан жалған сөйлеуді,
Өзгеге қарап өзгерткен емен жейдемді.
Жайдары шақта жанашыр болып жүрдің де,
Қысталаң кезде көрсеттің нағыз бейнеңді.

Әлі де талай жолымда кез боп келерсің,
Көлгір тілекпен қолпаш «жырыңды» төгерсің...
Түсінгенім сол: Сен — нағыз досым емессің,
Өмір - сахнадағы бейне жасаушы шеберсің!

Таба алмай тұрақ өзіңнің соқа басыңа,
Ор қазып жүрсің күн сайын досың, қасыңа.
Анадан пәк боп туғанмен сәби қалпыңда,
Әртіс боп кеттің өмірдің сахнасында.

Жақсы да шығар өз тірлігіңе мәз болсаң,
Көңіл көліне уақытша келіп қаз қонса...
Қажеті бар ма әртіс боп өмір сүрудің -
Қол соғатұғын көрермендерің аз болса!

Шығарып досқа да өлең, қасқа да өлең
Мен талай жолдас болдым қасқаменен.
Көңілдің түкпірінен кір іздеіес -
Таппадым өзімдей жан басқа менен.

Бақ тілеп барша жанға, ойлап нұрды,
Жүргенде сәтті шыққан «тойлап» жырды.
Таныстың бәрін досқа баласам да,
Кейбір «дос» маған қастық ойлап жүрді.

Жақсының ауылына таяп қонып,
Кетпедім көп ішінен саяқ болып.
Жасаған кей жаманға жақсылығым
Маңдайға тиіп жатты таяқ болып.

Шын досқа сыр айтудан аянбадым,
Сынды да бүкпесіз-ақ баяндадым.
Өзгенің тірлігіне қол сұқпай-ақ,
Өмірлік өз жолыммен аяндадым.

Шығарып досқа да өлең, қасқа да өлең,
Жолдас боп келем талай қасқаменен.
Ұсынам болмысымды өлең етіп -
Туған жұрт не күтеді басқа менен!

Жас дәуреннің қадірін жүз ұқтырып,
Маңдайыма сан тарам сызықты ұрып,
Тамсандырып, өкінтіп, қызықтырып,
Барады өтіп думанды қызық күнім.

Шалқар кез бен ойлы кезім алмасып,
Бірі демеп, бірі етекке жармасып.
Өткен шаққа деген ыстық қыймастық
Келер күннің үмітімен жалғасып ...

Талайыма тағдыр соны жол артып,
Көңіліме табылмастай толар түк.
Әр күн сайын жаңалыққа жолығып,
Келем, бірақ, көп жақсымды жоғалтып.

Сұрша бұлттар көңіл көгін торлады,
Уақыт мені дей алмаймын қорғады.
Бағыма ма, сорыма ма, білмедім
Басыма бір байсал күй кеп орнады.

Жастық шақтың қадірін жүз ұқтырып,
Маңдайыма сан тарам сызық тұрып,
Өкіндіріп, аңсатып, сағындырып,
Барады өтіп қызық күн, бұзық күнім!

Өмір - мектеп

«Біреуді мақтап, біреуді даттап жүре біл,
Сыр берме жанға, кімге де болса күле кір»,-
деп насихат айтып қоймаса егер арамза -
Сайқалдық шегін байқатпас па еді бұл өмір.

«Кеткендей толып қызғалдақ- нұрға гүл өңір,
Досыңа досша жарқылдап күліп жүре біл», -
Дейтұғын сырлас ақкөңіл жандар болмаса,
Адалдықты да танытпас па еді бұл өмір.

Өтудің жолын ізде де құзарт-қамалдан,
Амалдың бәрін саралашы бір санаңда.
Бәрін де, бәрін үйретеді екен адамға
Өзге емес, Өмір-мектептің өзі әманда!

«Заманға»

*Тәуелсіздік алғаннан кейін атауы «Заман» болып
жаңарған аудандық газеттің 70 жылдығына*

Балалық арман ақ нұрдан,
Үміттен үкі тақтырған
Балапан менің жырыма
Өзіңсің қанат қақтырған.
Айнасы туған өлкемнің
Заманның көшін бақтырған,
Оқырмандарын шат қылған.

«Социалистік табысым» -
Қорғаған уақыт намысын.
«Ильич туы» болсаң да
Таныттың тұлпар шабысын.
«Заман» болып өзгеріп,
Егемен елдің қамы үшін
Жаңарғаның тағы шын.

Сормандай елдің күйігін,
Ормандай ойдың түйінін
Зерделеп, зерлеп сақтаған
Сандығы Сенсің үйімнің!
Нұраның бойын жайлаған
Елімнің барлық күйінің
Шежіресі сенде, биігім!

Аюлы қатпар тасының,
Қарттары менен жасының
Жетпіс жыл бойы тынымсыз
Күйін шерткен басылым.
Ескендір - аға, Саябек...
Қадыкен қарындашының
Таңбасы қалған асылым!

Өркендеп, өсіп Ұлы Елім,
Мінекей, тағы түледің.
Келер күндермен жалғасып,
Жаңғырасың сен, білемін,
Өзімдей сүйіп түлегім,
Түрленіп атың, түр-өңің
Жасай бер!

Осы - тілегім!

Тілеулестерге

Бөлек те болса ошағың, қазан-оттарың,
Кір шалмас достық көңілдің таза қатпарын.

Қуанған шақта,мұңайған сәтте қасымнан
Табылған менің ақ ниет азаматтарым!

Өздерің барда көрінем әркез биіктен,
Сендердің арқаң жыр төксем ойды түйіп мен.
Осындай кезде көре алмай кейбір пенделер,
Қызғаныш өртеп, жарылар сынды күйіктен.

Жалқы етіп Алла жаратпаса да басынан,
Бауырсыз жалғыз қалған соң мұңмен жасығам.
Көленке түсіп, жабырқай қалса көңілім,
Сүйеніш іздеп сендерге қарай асығам.

Аз емес кезім шалықтап, шалқып,тасыған,
Жүрегім менің сауыққа құмар жасынан.
Шаттыққа кенет кенеле қалсам тағы да,
Өздеріңменен бөліскенше асығам!

Достықтың туы бәрінен биік басқаның,
Алыстан келсем - өздерің алдан тосқаным.
Аман-сау жүрші, ақ ниет тілеулестерім,
Азаматтарым, бауырым әрі достарым!

Сағыныш

*Сазгер,музыкант марқұм Ыбыжан Төлегеновтің
әніне жазылған*

Көңілім балдәуренге қанша аумаған,
Көзімнен сағыныш боп тамшы аунаған.
Бұл күнде үзілмейтін үміт болды
Сол шақты тебіреніп аңсау маған.

Қайырмасы:

Көңілімнің көгінен
Сағыныш-жыр төгілген.
Сені ойласам, қалқатай,
Ет жүрегім егілген.

Сағыныш жүректегі тыншымаған,
Сағым-ой мазаны алып, шымшылаған.
Қалқашым, қайта оралшы бала шаққа,
Сол күннің бір-ақ сәтін қишы маған.

Қайырмасы.

Сен -дағы бал дәуренді сағындың ба,
Бата ма мені ойласаң жаның мұңға?
Шіркін-ай қайта оралсақ бұла күнге
Шомылып шаттанар ек сағым-нұрға.

Қайырмасы.

Толағай

әнін жазған Зәрубай Сүйіндікұлы

Аптап ыстық лаулаған,
Дала шөлі қанбаған.
Елім жылап, егіліп,
Мейір күткен Алладан.
Шуақ тілеп ақ таңнан,
Медет сұрап Жаппардан,
Толағай ұл шалғайға
Жаңбыр іздеп аттанған.

Қайырмасы:

Сарыарқаның төрінде
Дара болып көрінген
Аңыз толы ерлігі
Әсем ән боп өрілген.
Басындағы қыраны
Ұрпағымның жыр-әні
Ырыс тілеп жұртына
Толағай тау тұр әлі.

Жерұйықтың жерінен,
Иранбақтың төрінен
Ала бұлтты асқарды
Алып келген еліне.
Келген елге нұр алып, -
Толағай ұл- бір алып
Тауға айналған мәңгіге
Боз даласын суарып!

Қайырмасы.

Күй - мұра

*Музыка маманы, сазгер Қайрат Мұстафиннің
әніне жазылған*

Өнерді өр шабытпен жандандырған,
Күй туған кеудедегі арман-жырдан.
Қыздарбек Тәттімбеттің ізіменен
Шертпемен Сарыарқаны таңдандырған.

Саналы ер осы саздан сыр жияр көп,
Сылқым күй жүректерге нұр құяр тек.
Егіз ішек жанды тербеп бебеулейді:
«Сылқым қыз», «Өткінші өмір», «Бір қиял»- деп.

Халқының күй қып өрген мұң мен зарын,
Бір өртеп, бір суытқан адам жанын.
«Қайран ел», «Дүние қалды»- деп біздерге
Жеткізген мұрасын да Абылай ханның.

Ел едік көнген әбден зарға мұңды,
Бұл тағдыр жаза бермес зарлануды.
Мәңгіге қалғаны ғой күй-мұраңның,
Ұрпағың құрметтесе аруағыңды.

Кетпесін қуанышты жалғап қайғы,
Күйіңді тыңдап елің сан жоқтайды.
Ертеңмен жалғастырып жәдігердей,
Мұранды асыл қауым ардақтайды.

Досыма

Жезқазғандық өнерпаз Құндыз Жамаева ән жазған

Қажып жүрген, қалжырап, жасып жүрген шағымда,
Тірлік қамы басымнан асып жүрген шағымда,
Алып шығар шамшырақ қалың тұман сағымнан -
Абзал досым, есіме сен түсесің сағынған.

Жалғыздықтан жаяулап қашып жүрген шағымда,
Сағыныштың моншағын шашып жүрген шағымда.
Серігіндей Жер шары, табылатын қасымнан
Сені іздеймін құлазып, айнымайтын асыл жан.

Толқып, тасып, шаттанып, тасып жүрген шағымда,
Бақ-дәулетім басымнан асып жүрген шағымда
Шаттық жырын бірге оқып, жарылуға ағымнан,
Шарқ ұрамын сені іздеп, абзал досым сағынған.

Сенім атты тартылыс жалғастырып араны,
Достық атты мәңгі көш қосақталып барады.
Сызықтардай параллель шексіздікке созылған
Сол керуен әуені сағынышпен жазылған.

АРНАУЛАР

Қантай алпысқа келгенде

Сезіп менің қашанда көңілімнің қалауын,
Ықыластың ерекше жандырасың алауын.
Отыз жылдан артық біз желбіретіп келеміз
Қасиетті Достықтың кір шалмаған жалауын.

Жылдар жылжып ақырын, айлар менен күн де өтіп,
Басымыздан келеді небір қатал сын да өтіп.
Айнымайтын адалдық, тазалықты екеуміз
Кетсек дедік кейінгі балаларға үлгі етіп.

Бірімізге - біріміз қапиясыз сеніппіз,
Тағдырдың да тезіне бірге жүріп көніппіз.
Азаматқа сын болар алпыс деген асуға
Сен екеуміз тағы да үйдек-түйдек келіппіз.

Қартаймайтын адамдай, есеймейтін жандайын
Жастық атты ғұмырдың міндік біздер сан тайын.
Алпыс деген талтүске жетіп келдік, мінеки,
Жазылмасын жұбымыз, бір болайық, Қантайым!

Төлепбергенге

Дос деген жұртты басқадан бөлек көргемін,
Ол - асыл ұғым, салатын ерек өрнегін.
Мен келген кеше алпыстың аулына сен де
Атыңды байлап тұрсың ба, Төлепбергенім?!

Өмір көшінде жөнкіген үйдек те түйдек,
Келеміз біздер тірліктің арбасын сүйреп.
Қайран достар-ай, осынау сапар бойында
Барады, әттең, күн сайын қатарың сиреп...

Бермейді ойлар жүрекке несіне тыным,
Түйіндер талай доспенен шешілетұғын.
Қыймастарымның қарашы талайы жоғын,
Тойыңда сенің есіліп, көсілетұғын!

Боз қырау шалып самай мен сақалдарыңды,
Сезбей де қалдық, қоңыр күз, тақалғаныңды.
Бұл күнге жеткен, жетпеген достарым үшін
Көтеріндерші, жамағат, бокалдарыңды.

Зерек ойыңды өзгеденерек көргемін,
Емес ол өзге достардан бөлек бөлгенім.
Майраңмен бірге өсіріп ұрпақтарыңды
Аса бер алыс қырлардан, Төлепбергемім!

Иманқұлға

Өсіріп ибалы қыз, иманды ұлын,
Солар үшін шашсам деп жиған пұлын.
Кәрібай әкей «Антон» деп атап кеткен
Келіп қапты-ау алпысқа Иманқұлым!

Қалды-ау қайран қапысыз балалық шақ,
Есіме алсам жетімге қалам ұқсап ...
Ауылыма оралған сайын мені
Аймалайтын секілді ана-құшақ.

Жан емесой қуған басы қатып,
Ойын қуып өтетін бос уақыт.
Түріп алып балақты қу тақырда
Жұрмеп пе едік доп қуып, асық атып!

Біліппіз бе бал дәурен бағасын да,
Бар ғұмырдың қылаусыз бағы осында.
Ыстық құмға табанды қари жүріп,
Асыр салдық Нұраның жағасында.

Қиял қуып атырған үміт - таңын,
Өтті осында бозбала, жігіт шағың ...
Алтыбақан тербетіп ай астында
Сыр шертіскен күнді де ұмытпағын.

Өмір солай, кезеңдер араласып,
сан сұрағың жауапсыз, қалады ашық ...
Кеше ғана балдәурен бірге өткізген
Иманқұлым алпыстан барады асып.

Ибалы қыз өсірген, иманды ұлын,
Солар үшін тірнектеп жиған пұлын.
Меруертті ақ шашты кемпір етіп,
Ұзақ ғұмыр кеше бер, Иманқұлым!

Ғалымға

*Ақын ағам Қалиасқардың баласы - Ғалым 50-ге келгенде
туған өлең*

Қалекемді білмейтін жан кем де - кем,
Жүз шайысып көрмеген ол пендемен.
Сол ағамның өлеңіне сусындап
Өскен титтей бауыры едім мен деген.
Жырға қосып туған ауыл, даласын,

Қимай және қызулы орта — қаласын.
Жаны жомарт, достары көп ағамыз
Жол қылатын қала, ауыл арасын.

Ақын еді тұнып тұрған жыр кеуде,
Оған ғайбат айта алмайды бір пенде .
Осы Ғалым келіп еді дүниеге
Ағатайым студент боп жүргенде.

Мұң мен қайғы ерте қағып есігін,
Кенжелеп бір жүргенінде көшінің...
Білім қуған кезде туған сәбидің
Азан айтып, Ғалым қойған есімін.

Ажал ерте алып ғазиз анасын,
Ақын ұлдың сарғайтқан-ды санасын.
Демалыста біздің үйге келетін,
Ақ жеңгеммен,көтеріп ап баласын.

Өлең - оған Алла берген дара бақ,
Жыр жазатын, көп ойларын саралап ...
Елге келсе - сәлем беріп жағалай,
Бүкіл шалды түгендейтін аралап.

Үлкендердің ұлағатын жөн деген,
Туған ауыл - алтын орда, ел деген.
Осы Ғалым ауырғанда суықтап,
Ауылға кеп, саумалменен емдеген.

Елге келер - кездерінде шалдыққан,
Елжанды ұлдың терең ойыш сонда ұққам.
Саумал ішіп сырқатынан айыққан,
Жылкы мінез жігіт Ғалым сондықтан!
Асыл аға жарқ етті де жасындай,

Өтті өмірден арманды іске асырмай ...
Қырық тоғыз жыл кешкен қысқа ғұмыры -
Арамзалар жасап өткен ғасырдай.

Ұрпақтары азамат боп танылды,
Ортайтпасын Алла қолда барынды.
Қол ұстасқан 25 жыл Шолпанмен,
Құттықтайық 50-імен Ғалымды.

Енді өзіңсің бір әулеттің иесі,
Бақтарың бар бастарыңа тиесі.
Жақсы жолда қолдап жүрсін, бауырым,
Ардақты ақын,асыл әке киесі!

02.12.2012 ж.

Азамат келбеті

Елімізге белгілі атақты балуан Жәкен Ақыжанұлына

Жаны жомарт, бар мақтауға тұратын,
Жолдасына сыйға берер құр атын.
Міндетсімей таудай істі тындырса,
Өкпелейді насыбайға бір атым!

Кеудесі кең мына байтақ даладай,
Думан десе құлшынады, жанады-ай.
Ірілігі - Алпамыстың өзіндей,
Аңқаулығы алты жасар баладай.

Өнер қуған талай жасты түлеткен,
Бар ғұмыры еліменен бір өткен.

Мұнайса да шын көңілден мұңайып,
Қуанса да қуанар шын жүректен.

Жоқ па дерсің бұл өмірде бір қасы,
Барлық адам, боз даласы - сырласы,
Нар түйедей көтерімді болған соң
Жас-кәрінің бәрі - оның «құрдасы».

Көрген емес жалған сөйлеп, мақтанып,
Баз біреуше кергімейді, баптанып.
Маңайына сал-серіні ертіп ап,
Кең далаға бара жатар аттанып.

Бір қалыпта: аспайды да, саспайды,
Қиындықтан қайда болсын қашпайды.
Жақсыларды жақын тартып жанына,
Оспадарды қабағымен жасқайды.

Кейбір жаман тас атса да тасадан,
Жәкең емес оған налып, босаған.
«Ауылыңның азаматы кім?»- десе -
Мінеки, -деп көрсетерің - осы адам!

Қоңыр ақын

Жергілікті ақын Қоңыр (Төлеуқұл) Шәтекұлына

Өлең-жырдан жан емес тарылатын,
Жүрегінен жыр кені табылатын.
Баптап қойып бәйгеге құла тұлпар,
Ел ішінде еркелер Қоңыр ақын.

Думан-тойда жан емес бұғып қояр,
Дос жүрегін көзінен ұғып қояр.
Серілердей кешегі, тазыны ертіп,
Құба жонға құламен шығып қояр.

Ұғысады жаспен де баласынбай,
Беймарал күй кешпейді, алас ұрмай.
Бәйге құла секілді жарап жүрер,
Ал, жүрегі - жазира даласындай.

Тұрмаса да тағдыр-ит бетін беріп,
Өлең-жырын дауылдың өтінде өріп.
Төкпелете жөнелер, термелете,
Қарға бойлы Қазтуған секілденіп.

Жақсылардың үн қосып дауысына,
Мәз болады өзгенің табысына.
Жамандардың жағасын жыртуға бар
Қылау түсер болса егер намысына!

Ата салтын жанына жақын қылып,
Көкпарды да тартады тақымға іліп.
Менің Қоңыр ағам бұл - ел ішіне
Аллам өзі жіберген ақын қылып!

Өнеріне ұлыңның мәзсің, елім,
Ал, ақының өлеңнің қазсын кенін.
Асыл аға бола алған ақынына
Абыз ата болуды жазсын дедім!

Құлагер - тағдыр

Ғұмыры өте қысқа болған жерлес ақын бауырым

Дәулет Ырысбайұлының рухына

Ұланы едің Нұраның,
Сырлы еді ерек жыр-әнің.
Қанатың ерте қатайып,
Қалықтап едің, қыраным.

Ұқтырар мәнін сырыңның,
Өзегі - Елің жырыңның.
Ақындық таңың ерте атып,
Ертерек төкті нұрын Күн.

Жыр етіп тауын, сайын да,
Ағылдың ауыл жайында.
Өлкесінде Өлеңнің
Ертерек туды Айың да.

Мықтыларға бас ұрып,
Көрмедің қулық асырып.
Бәрін де ерте көруге
Жүретін едің асығып ...

Жүректе - жырың, ғазалың
көп еді айтар, жазарың...
Ажалға да ерте жолықтың
Тарқамай жатып базарың.

Асқақтап асыл ар-мұның,
Асаудай биік қарғыдың ...
Мәреге жетпей құлаған
Құлагер — сенің тағдырың!

Қош, қайран дос!

Сырымыз да, жырымыз да ортақ болған жан досым,

белгілі заңгер Баймұқан Тазабековтің рухына.

Баймұқан-ай, қадірлім, қимасым-ай,
Текті басы нөқтаға сыймасым-ай!
Қарағайдай қайратты, сұңғақ едің,
Құладың-ау ажал-оқ қиғасын-ай !

Қырау шалып үлгермей самайыңды,
Қатал тағдыр қысқартты-ау талайыңды...
Келін көріп, немере сүйе алмадың,
Отау етіп шығармай Жанайыңды.

Тыңдай ма ажал тірінің ызың-зарын,
Медет еттік артында ізің барын.
Сен көрмеген қызықты Анар көріп,
Аман болғай дейміз де қыз-ұлдарың.

Ажал шіркін аларын таңдасын ба,
Қазанды естіп .. шапшыды қан басыма!
Жаратушы, қабыл ет, дұғам болсын,
Жоқтау - жырым аяулы жан досыма!

28.02.2010 жыл

Өмкеңе

Аталас ағамыз, зейнеткер ұстаз-

Өмірзақ Алтайбаев 70-ке келгенде

Ағаға қарап ініні жұрты бағалар,
Ағадан іні жанына сүйеу таба алар.
Ақ самайларың күмістей болып жарқырап,
Аман-сау жүрші, асқар тау - асыл ағалар!

Ағалар, бәрің асқарсың - тірер көкті шың,
Ақылдың кені - аталар сынды тектісің.
Ақ көйлегіндей кіршіксіз көңіл иесі -
Өмірзақ-аға, құтты болсын Жетпісің!

Өмірде биік болмағанменен тағыңыз,
Соқпақты жолда сынбады жігер-сағыңыз .
Ақырын жүріп, анық басқанның жемісі -
Гүлденді бүгін ұрпаққа толы бағыңыз.

Ұрпақтарменен гүлденіп абат бағыңыз,
«Тәубаға» тұнып тұрғандай екен жаныңыз.
Аңқылдап жүрген Төлеу жеңгемді саялап,
Күйкі тірліктен сәл сабыр, тағат табыңыз.

Ағаңмын десең — адал ғой Сізге жүрегім ,
Туғанның түгел-бірлігін ойлап жүремің.
Ағатайлардың жағасы жайлау болып бір,
Желкілдеп ұрпақ өсе берсе екен - тілегім .

Демеймін қазір ойымды түгел айта алдым,
Өлеңді, бірақ, осы бір тұстан қайтардым.
Сексеннің, Аға, сеңгіріне де аман жет,
Жалғасын жырдың сол күні тағы айтармын
28.02.2010 ж.

Өлмес рух

*Қазақ күресінен спорт шебері, балуан, әнші,
туған баурымдай қадірлі болған
Сәрсенбай Жанасыловты еске алу*

Көгерер елдің жүгін, нар секілді,
Жігіттер атан жілік бар сенімді.

Осындай асылдардың біреуі еді -
Сұм ажал ерте әкетті Сәрсенімді.

Гұмырда болмаса да көп көргені,
Аз да емес бір басынан өткергені.
Табиғат берген ерек дарынымен
Атағы жасынан-ақ көкке өрледі.

Өмірдің ерте түсіп жарысына,
Дес бермей талай мықты, арысыңа.
Жағасын жамандарға ұстатпайтын
Айналған Қазақтың бір барысына!

Тербелтіп әуезді әнді наз үнімен,
Қосатын Аққу әуен - қаз үнімен.
Думан қып жіберетін отырысты
Әрі ұтқыр, әрі өткір әзілімен.

Жігіттің алғыры еді, сөзі уытты,
Өзі - әнші, балуан еді - өзі мықты.
Желпінтіп «Қыздар» әнін шырқағанда,
Серпіліп кетуші еді сезім тіпті!

Сен тағы әзіл айтып, күлгендей боп,
Серпілем, мұңды бастан түргендей боп.
Қиялда, Сәрсен баурым, елестейсің
Сырт жақта жарыстарда жүргендей боп .

«Түңлігін ақбоз үйдің жел түрлейді»,
Санаға сағыныш - мұң келтір, мейлі...
Сәрсентай, Сенің асыл рухыңды
Ардақтап, туған елің өлтірмейді!

21.05.2005 ж.

БАЛАЛАРҒА

Біреуіңнен көре қалсам ірілік,
Аспандаймын, тұла бойым жібініп.
Ал,біреуің құлазытсаң көңілді
Кеткендеймін үмітімнен түңіліп .
Әкелерің сендер үшін өмірде
Келе жатыр бір өліп, бір тіріліп.

Әрқайсыңды мен дара сүйіп келем,
Қонса екен екен деп бәрі де биік менен.
Жаманатын бірінің көрмесем деп,
Шүберекке жанымды түйіп келем.
Құласаңдар сендермен бірге құлап,
Биіктесем - сендермен биіктегем.

Сендер барда - баста бақтың бары шын,
Қорланса адам - қорланады ары үшін.
Сендерменен көтеріліп мәртебем,
Сендер үшін тапталады намысым!
Көбелекпін отқа тосқан қанатын
Өмір кешкен ұрпағыныңбағы үшін.

Әр қайсыңның өз түйсік, ұғымың бар,
Тағдыр өзі сыйлаған тұғырың бар.
Жақсылық пен құмартып ізгілікке,
Жауыздықтан бой сақтап, бұғыныңдар.
Мендегі осы әкелік махаббаты
Өлгенімді күтпей-ақ ұғыныңдар!

Тілеш отау шыққанда

Шығарма деп шыққан тек, затыңды ойдан,
Атаң сенің түс жорып, атың қойған.
Әжең марқұм шаттанып елден ерек,
Періштеге бір сені жақын қойған.

Жүре алмаймыз өткенді ойлай алмай,
Онсыз тәлім келеді бойға қалай?!
Асыл ниет атаң да, әжең де өтті,
Сенің мына тойыңды тойлай алмай.

Шықтық біз де өмірдің жотасына,
Аруанадай бақ тілер ботасына.
Елің отыр көшіңді ұзатқалы,
Лайық бол сол елдің батасына.

Ақ батаға жайылсын алақаның,
Шаттық ертіп атырсын дала таңын.
Атаң, әжең аруағы қолдап жүрсін
Ата қаздай қорғаштар балапанын.

Берік едім, бүгін сәл босадым мен,
Сендер жақтан жылы леп тосамын мен.
Самғап ұшқын қияға қырандайын,
Құдай қосқан аяулы қосағыңмен.

30.07.2001 ж.

Алтынайға

Өмірдің қызға тартатын сыйлығы ма еді:
- Ұшамын , әке, бұл - тағдыр бұйрығы,- дедің.
Әкелік аңғал көңілмен байқамаппын-ау
Бой жеткеніңді, сүйкімді сүйірігім менің.

Қияна қону орныкса санаңда сенің -
Бақытың серік болсыншы әманда,- дедім.
Алыстап жырақ барасың, ұяңнан шалғай
Езілді бордай жүрегім табанда менің.

Біздің әулетке қонатын бақ сырдаң еді,
Соны ойлағанда қалың мұң қапсырған мені.
Бет түзегенде Жезкентке күймелі көшің
Ұлыларға Ұлытаудағы тапсырғам сені.

Әкеңнің күйін сол кезгі пайымдап па едің,
Есейер шаққа өзінді дайындап па едің?!
Сол күннен бастап, ботам-ау, бертінге дейін
Ұйқым да шайдай ашылған уайымдап сені...

Бақыттың оты алаулап маздар секілді,
Алдыда талай саялы жаз бар секілді.
Бахтияр екеуің сағынтып келе жатасың
Балапан ерткен көктемде қаздар секілді.

Қонғандай көлге аққуым, тауға кел қыран,
Жүректен сол сәт сұранып, «сауға» деп бір ән.
Шаттықа толы жүзіңді көргенде, күнім,
Толқуды басып іштегі, «тәуба» деп тұрам!

Құралай

Отбасыма төгіп ерек бір арай,
Көктемде туып едің, Құралай!
Лағына ұқсасын деп киіктің
Есіміңді қойғам өзім сұрамай.

Ұмыттырып уақ-түйек, күйкімді,
Сәби болдың әр нәрсеге икімді.
Ақ бөкеннің құралайы секілді
Қыз боп өстің қылықты да сүйкімді.

Зулап өтіп уақыт деген беренің,
Өзгертуде ел бедерін, жер өңін.
Қалай тез-ақ есейгенің байқалмай,
Бір қияға қондың сен де, ерегім.

Ақыл зерек, ұтқыр ойға жүйірігім,
Бұзбасыншы басындағы күйді мұң.
Өзіңе ұқсап өссін қыз бен ұлдарың,
Елге сыйлы, мінезге бай сүйірігім.

Маман болдың үш диплом иесі,
Бақытыңды тапқандайсың тиесі...
Балапаным, қорғап жүрсін өзінді
Атын алған сүйкімді аңның киесі!

Данияр мен Айнұрға

Сыйы да мол,
Сыры да мол сынарға
Екеуіңді Өмір күтіп тұр алда.
Ата-аналық ақ батамыз біздердің:
Аруақ қолдап,
Жар болсыншы бір Алла!

Жақсы болсаң -
Елің өзі мақтасын.
Көп болсын тек шын тілеулес, жақтасың.
Қос жүректің жарасымы бұзылмай,
Өткір тіл мен
Сұқты көзден сақтасын!-

Жатыр жұртым
Ақ тілегін ақтарып.
Осы бір сәт қалсын есте сақталып.
Құлындарым!
Бата-тілек қабыл боп,
Қыдыр қонсын,
Бастарыңа бақ дарып!

Ануар мен Динараға

Бүгін ерек алабұртып жүрегім,
Ой-санамнан уайымды түремін.
Қол ұстасқан екі балапаныма
Жаратқаннан баянды бақ тіледім.

Жақындады асқақ арман -мұнарым,
Бұл жалғанда қанғандай бір құмарым!
Бұдан асқан маған бақыт бола ма,
Ақ құлыным тапқаннан соң сыңарын.

Ет-жүрегім алау болып тұр жанып,
Саңлақ санам жаңаша бір жыр тауып.
Қос құлыным!
Ашық болсын жолдарың,
Алдарыңнан тұрсын аппақ нұр жауып!

Жансая мен Талғатқа

Толықсып ой-санаң, жетілдің,
Ұлы өмір бастауға бекіндің.
Жансаям!
Аяулы ақ кенжем,
Еліктің лағы секілдім.

Уақыт, жұлдыздай ақтың да,
Таралып, Сен қанат қақтың ба?
Ақ отау есігін аттадың
Өмірлік теңінді таптың да.

Өмір - көш, асыққан алға тым,
Сол көште танылсын арлы атың
Жүзіңнен шат күлкі кетпесін,
Жаныңда жарасып Талғатың.

Келер күн ақ нұрын ап келсін,
Шуағын дос түгіл, жат көрсін!
Әкелік тілегім сол менің:
Тәңірім сендерге бақ берсін!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Әділетке

Сендерді ойлап атар әрбір нұр-таңым,
Намысынды мен сендердің жыртамын.
Жүздеріңнен шуақ күлкі сейілмей
Жайнап өсе беріңдерші, ұрпағым!

Басымыздан өтіп біздің қилы ағын,
Бар асылды сендер үшін жинадым.
Білесің бе, Әділетім, сен бізге,
Қанша шаттық, қанша бақыт сыйладың?!

Өзің бар деп жалындаймын, жанамын,
Тұла бойды билеп асау сан ағын ...
Әрқайсысы бір-бір мейрам біз үшін -
Сенің оңға басқан әрбір қадамың.

Қуаныштан жарылардай өзегім,
Бір ғаламат ерекше күй сеземін.
Өмір атты ұзақ, ұғы сапардың
Өттің, міне, ең алғашқы кезеңін.

Өмірімнің жалғасы өзің болғасын,
Өзекті ойды атаң солай толғасын.
Ақ маңдайың әмсе осылай жарқырап,
Алла жар боп, періштелер қолдасын!

Аяулыма

Мен өзіңе жүрегіммен таяуым,
Қабағыңа қонбасыншы қаяу-мұң.
Еркесі боп отауымның төрінің,
Аман жүрші, балапаным, Аяулым!

Жанарыңа алаулаған Күн тұнған,
Біз сүйсініп тұрайықшы сыртыңнан.
Жауындардан, дауылдардан сақтасын
Жұпар иіс қызғалдағым құлпырған!

Жарығы ерек жұлдыз болып жана біл,
Десін жұртың: «тым ерекше бала бұл»
Күнім, саған шексіз бақыт сыйласын
Әр күнің мен әрбір келген жаңа жыл!

Аңсарыма

Жарық қып алакөбе таңсәрімді,
Дүниеге сәби келді кәусар үнді.
Көңілді алаңдатып, сағындырып,
Жаратқан берді титтей Аңсарымды!

Жыр төгіп жүрегімнің шаттануы-ай,
Бір сәтке қондырғандай таққа Құдай!
Аңсаған қуанышқа кенелдім -ау,
Дүниеге өзің келіп, аппағым-ай!

Көтеріп тағдырымның сын шақтарын,
Талай жыл жүрегіме сыр сақтадым .
Аңсарым, өзің келіп жалғастырдың
Киелі көшін мына ұрпақтардың!

Шаттық тілеп барша жұрт, достарыма,
Бақ қонса деп туған ел аспанына.
Зымыран-уақыт мініп ап қанатына
Шығып қалдық алпыстың асқарына.

Демесем де ел бастап, ту ұстадым,
Жырақ кетіп, атақ-даңқ қуыспадым...
Елім іші - жаннатым, жұмақ мекен,
Жанымда тілеулестер, туыстарым.

Алдырмаса аңсаған биіктерім —
Дей алмаймын содан да күйікті едім.
Құшағыңнан ажырамай жүргеніме
Бақыттымын, туған жұрт, сүйікті Елім!

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| 1. Аймағым-алтын бесігім..... | 6 |
| «Аруақ риза болмай...»..... | 8 |
| 2. Кешір, баба..... | 8 |
| 3. Баба рухымен сырласу..... | 9 |
| 4. Би бабам..... | 11 |
| 5. Бауырды аңсау | 12 |
| 6. Аруана тектес..... | 13 |
| 7. Ыбыжан..... | 15 |
| 8. Айнұр ұзатылғанда..... | 16 |
| Көңілдегі көп ойлар көлеңкелі..... | 17 |
| 9. Бір адамға | 17 |
| 10. Тағдыр, сенің..... | 17 |
| 11. Мінбесем де..... | 18 |
| 12. Шуақты шалқар..... | 19 |
| 13. Төбемде күн бар..... | 19 |
| 14. Жиналған сәтте..... | 20 |
| 15. Кешегі дос..... | 21 |
| 16. Адам аз..... | 21 |
| 17. Жақсыға құмар..... | 22 |
| 18. Жарқылдап жыр оқитын..... | 22 |
| 19. Өлеңім..... | 23 |
| 20. Өмір, сені..... | 24 |
| 21. Сары ала күзде..... | 25 |
| 22. Өз басыма | 25 |
| 23. Жалғызсырау..... | 26 |

| | |
|--|----|
| 24. Туғандай бір адамның баласынан..... | 27 |
| 25. Түсіме менің..... | 28 |
| 26. Естелік..... | 29 |
| 27. Есіме түсті ескі жыр..... | 31 |
| 28. Дуылдап өңкей..... | 32 |
| 29. Зу ете қалған..... | 32 |
| 30. Бейтаныс аруға..... | 33 |
| 31. Көз ілмей таңды атырып | 34 |
| 32. Қызарып шапақ..... | 35 |
| 33. Сенің мөлдір..... | 36 |
| 34. Мен сені..... | 37 |
| 35. О, менің кара бұрым қарындасым | 37 |
| 36. Өнші аруға..... | 38 |
| 37. От тастағандай санама..... | 39 |
| 38. Муза | 40 |
| 39. Шалдар..... | 40 |
| 40. Жақсы болар еді..... | 41 |
| 41. Мұнарға сіңіп | 43 |
| 42. Күз..... | 44 |
| 43. Қарғалар..... | 45 |
| 44. Жай таппай жаным | 45 |
| 45. Бір жылап әрі бір күліп | 46 |
| 46. Аттап келем мен талай..... | 47 |
| 47. Иесіз ауыл жұртында | 48 |
| 48. Туған жердің..... | 49 |
| 49. Үміт..... | 50 |
| 50. Сағыныш | 51 |
| 51. Көктем | 52 |
| 52. Наурызға тілек | 53 |
| 53. Туған өлкені аңсау..... | 54 |
| 54. Тілегім..... | 55 |
| 55. Екі өлең..... | 57 |
| 56. Сұңғақ қылып..... | 58 |

| | |
|--------------------------------|----|
| 57. Ағайын..... | 59 |
| 58. Қоңыр өлең..... | 59 |
| 59. Байлығым..... | 60 |
| 60. Әкем туралы..... | 61 |
| 61. Мәңгілік..... | 62 |
| 62. Ауруханада..... | 63 |
| 63. Ұғымға сыймас | 64 |
| 64. Жігіттер-ай | 65 |
| 65. Жариялап саған..... | 65 |
| 66. Толағай | 66 |
| 67. Жазира далам | 67 |
| 68. Тәуелсіздік..... | 67 |
| 69. Қанша жұрттан..... | 69 |
| 70. Өмір шіркін | 70 |
| 71. Ән-күдірет | 70 |
| 72. Жаңа ғасырға тілек | 71 |
| 73. Ана тілім..... | 74 |
| 74. Қоңырлық..... | 74 |
| 75. Жат қылып маған..... | 75 |
| 76. Шығарып досқа да өлең..... | 76 |
| 77. Жас дәуреннің..... | 77 |
| 78. Өмір - мектеп..... | 77 |
| 79. «Заманға»..... | 78 |
| 80. Тілеулестерге | 79 |
| 81. Сағыныш | 80 |
| 82. Толағай | 81 |
| 83. Күй-мұра..... | 82 |
| 84. Досыма..... | 83 |

Арнаулар 85

| | |
|--------------------------------|----|
| 85. Қантай 60-қа келгенде..... | 85 |
| 86. Төлепбергенге | 85 |

| | |
|-------------------------------|-----|
| 87. Иманқұлға | 86 |
| 88. Ғалымға | 87 |
| 89. Азамат келбеті | 89 |
| 90. Қоңыр ақын | 90 |
| 91. Құлагер-тағдыр | 92 |
| 92. Қош, қайран дос!..... | 93 |
| 93. Өмкеңе | 93 |
| 94. Өлмес рух..... | 94 |
| 95. Балаларға | 96 |
| 96. Тілеш отау шыққанда..... | 97 |
| 97. Алтынйға..... | 98 |
| 98. Құралай..... | 99 |
| 99. Данияр мен Айнұрға | 100 |
| 100. Ануар мен Динараға..... | 101 |
| 101. Жансая мен Талғатқа..... | 102 |

Немелеріме 103

| | |
|-------------------------|-----|
| 102. Әділетке..... | 103 |
| 103. Аяулыма | 104 |
| 104. Аңсарыма..... | 104 |
| 105. Шаттық тілеп | 105 |

Тезекбай Аамдықұлы
ЕЛ ІШІ - ЖҰМАҚ МЕКЕНІМ

08.12.2014 ж. басуға қол қойылды
Пішімі 60x84/16. Көлемі 6,4 б.т.
Таралымы 790 дана, № 6621 тапсырыс
" Tengri ltd"ЖШС басып шығарды
Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғ., 84-үй



Тезекбай Амандықұлы 1950 ж. Шет ауданы Кеншоқы кеңшарында туған. 1973 ж. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған.

Өлең жазумен мектеп қабырғасынан айналысқан.

Өлеңдері Шет аудандық, Жезқазған, Қарағанды облыстық газеттерінде, республикалық «Қауырсын», «Қасым» журналдарында жарияланып келеді.

Шет ауданы ақындарының антологиясы, Жезқазған облысы ақындарының «Сарыарқа саздары», Қарағанды облысы ақындарының «Жетіген» жинақтарына енген. 2000 жылы өлеңдері «Сәулелі мезет» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Ақынның екінші жинағына әр жылдары жазылып, кейбірі баспаға ұсынылмаған, сондай-ақ соңғы жылдардағы жаңа өлеңдері енгізілді.